

Еліңді, жеріңді қорғау үшін
бірлік қаниалықты қажет
болса, тәуелсіздік
жемістерін, бүгінгі қол
жеткен табыстарымызды
сақтап қалу үшін ол сондай
қажет.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021



САУАЛНАМАДАН
ӨТУ МАҢЫЗДЫ

5

ТӘУЕЛСІЗДІК–30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 8 қыркүйектегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
895 420

II компонентпен
782 451

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

09.09.2021

Түнде:



+17+19 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+27+29 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7, күндіз екпіні 12 м/с

10.09.2021

Түнде:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8 найзағай кезінде
екпіні 13 м/с

AKIMAT LIVE

ЕКПЕ АЛУ – ІНДЕТТІ АУЫЗДЫҚТАУДЫҢ ЕҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Алматыдағы эпидемиологиялық ахуал тұрақталды



Мегополис әкімі Бақытжан Сағынтаев «Алматы» телеарнасындағы Akimat LIVE бағдарламасының кезекті тікелей эфирі барысында шаһардағы коронавирус инфекциясы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық ахуал туралы баяндады. Сонымен қатар, алматылықтардың өзекті сауалдарына жауап берді.

2-3

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

БІЛІМ МЕКЕМЕЛЕРІ БАҚЫЛАУДА

Шаһарда оқушыларды індеттен сақтандыру мен қорғау жүйесі тексерілді



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаровтың жетекшілігімен құрылған арнайы комиссия қаламыздағы білім ошақтарын аралап, ондағы санитарлық эпидемиологиялық жағдайлармен танысты. Арнайы топ құрамында қалалық құрылымдардың жауапты басшылары болды. Тексеру барысында Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитары Ж.Бекшин, қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Л.Мырзағали, қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Қ.Жұманов білім мекемелеріндегі эпидемиологиялық жағдайларды баяндады.

4

ҚЫСҚА...

- Алматыда «Тәуелсіз Қазақстанның зияткерлік әлеуеті: қалыптасуы мен дамуына 30 жыл» атты I Халықаралық жас ғалымдар форумы басталды.
- Елімізде ғылымды қаржыландыруды 2025 жылға қарай жалпы ішкі өнімнің 1 пайызына дейін арттыру жоспарлануда.
- Нұр-Сұлтан, Алматы мен Шымкент қалаларында 5G стандартындағы ұялы байланыс тестілеуден өтеді.
- Елордада күніне орта есеппен 20–25 жұп тіркеуге тұрып, неке қидыру 3 есеге артқан.
- Қаладағы «Бакытты отбасы» орталықтарында халық санағынан онлайн өтуге болады.
- Жыл басынан бері 12 мыңнан аса этникалық қазақ «қандас» мәртебесін алған.
- Бұдан былай екпе алғанда бүкіл іс-әрекет бейнебақылау камерасына жазылады.

www.almaty-akshamy.kz





ЕКПЕ АЛУ – ІНДЕТТІ АУЫЗДЫҚТАУДЫҢ

Алматыдағы эпидемиологиялық ахуал тұрақталды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Шаһар басшысының мәліметінше, Алматыдағы КВИ бойынша тәуліктік өсім 1,0%-дан 0,7%-ға дейін төмендеген. Алайда, эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша қала әлі «қызыл аймақта» тұр.

Қала тұрғындары арасында ПТР-тест зерттеулерінің оң нәтижелерінің саны азаюда. Егер 26 тамыздағы көрсеткіш 1561 болса, 7 қыркүйекте 911 науқас тіркелген. Сәйкесінше, R саны (жұқтыру индексі) 1,02-ден 0,86-ға дейін төмендеген. Симптомды науқастардың үлесі артуда, 7 қыркүйекте 95,7%-ды құрады, бұл COVID-19-дың британдық нұсқасын үнді штамының ығыстыруын көрсетеді.

Қала әкімі соңғы 2 аптаның ішінде науқастардың жас құрамына жасалған салыстырмалы талдау 20–39 жас аралығындағы азаматтарды қоспағанда, барлық жастағы тұрғындар арасында инфекция жұқтыру көрсеткішінің өскенін де атап өтті. КВИ жұқтыру көбіне 20–39 жас аралығындағы тұрғындар (18,6%), 40–59 жас (23,8%) және 60 жастан асқан қарттар арасында (25%) тіркеліп отыр.

«Жұмыспен қамту тұрғысынан сырқаттанушылық құрылымы алдыңғы аптаға қарағанда өзгерген жоқ. Өткен 7 күн ішінде КВИ дерті әлі де өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жұмыс істемейтіндер арасында басымдау – 36,6%, зейнеткерлер арасында – 23,2%, түрлі ЖШС қызметкерлері, жеке кәсіпкерлер, АҚ арасында – 16,8%, мектеп оқушылары арасында – 9%, ал мектепке дейінгі мекемелердегі балалар арасында – 6,4%», – деді Б.Сағынтаев.

Әкім сөзіне сүйенсек, 8 қыркүйектегі жағдай бойынша қалада коронавирус инфекциясын жұқтырған 154 763 адам тіркелген, оның ішінде 132 796 жағдай симптомды, ал 21 967-сі симптомсыз, анықталмаған пневмония – 2275.

7 қыркүйекте бір тәулікте 911 адам ауырған, олардың 872-сі симптомды, анықталмаған пневмония – 12.

Қаладағы инфекциялық стационарларда жалпы сыйымдылығы 7705 төсек-орын бар. Онда қазіргі таңда 3754 адам емделуде, оның ішінде 116-сы бала. 184 науқас өте ауыр жағдайда, 1534-і ауыр жағдайда, 2033 адам орташа және 3 науқас жеңіл дәрежеде. РИТ бөлімінде барлығы 339 науқас бар. ӨЖЖ аппаратында – 58, инвазивті емес ӨЖЖ аппаратында – 137, High flow аппаратында 168 адам.

Қала басшысы қаладағы вакциналау туралы да атап өтті. 8 қыркүйектегі жағдай бойынша КВИ-ге қарсы вакцинаның бірінші компонентін 4184 адам, екінші компонентін 6455 адам алған.

Жалпы, биылғы 1 ақпаннан 7 қыркүйекке дейінгі кезеңде 895 959 адам вакцинаның I компонентін, 773 814 адам II компонентті алған. Ал барлық екпе алған тұрғындардың ішіндегі 114 440 адам 60 жастан асқан жандар.



СҰРАҚ-ЖАУАП

Офлайн форматтағы оқу жылы карантиндік нормаларды қатаң сақтаудан басталды

Сауал:

– Бақытжан Әбдірұлы, биылғы жаңа оқу жылының басталуы және коронавирустық пандемия жағдайында оқу процесі қалай ұйымдас-тырылды?

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Биылғы оқу жылында мектептерге 301 171 оқушы барды. Мемлекеттік мектептерде 280 458 балалар мен жас-өспірімдер білім алуда, ал жекеменшік мектептердегі оқушы саны – 20 713. Мемлекеттік мектептерде 1-сынып оқушыларының саны 3 мыңға жуық өсті. 1-сыныпта 30 751 оқушы білім алуда.

Оқушылардың денсаулығын сақтау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оқу процесі бір мезгілде үш бағытта құрылды.

Біріншіден, офлайн оқытуда сыныптардағы оқушы саны 25 оқушыға дейін болуы тиіс. Бұл талап орындалуда. Бүгінде 45 мемлекеттік мектепте 104 246 оқушы немесе олардың 37%-ы дәстүрлі форматта оқып жатыр. 71 жекеменшік мектептерде 20 650 оқушы офлайн форматта білім алуда, яғни 99%-дан асады.

Екіншіден, оқыту аралас жүргізілуде, яғни негізгі пәндер мектепте, қалғандары қашықтан оқытылады. Бүгінде оқытудың осы форматымен 162 мемлекеттік мектептің 154 424 оқушысы немесе 55%-ы қамтылған.

Үшіншіден, 21 788 оқушы онлайн форматта оқиды, бұл 8%-ды құрайды. Оқытудың бұл формасымен негізінен инфекциямен ауырған балалар, науқастармен байланыста болғандар, ауруға шалдығу қаупі бар балалар, сондай-ақ ата-аналары мектеп әкімшілігіне қашықтан оқыту туралы жазбаша өтініш берген балалар қамтылған.

Оқу жүктемесіне және оқушылардың контингентіне байланысты ата-аналармен келісе отырып, мектептерде 5 және 6 күндік оқыту ұйымдастырылған. Қоғамдық денсаулық басқармасы және Санитарлық-

эпидемиологиялық бақылау департаменті бірлесіп мектептердегі жағдайға күнделікті мониторинг жүргізіп отырады. Қауіпті індеттің балаларға жұқпауы үшін ата-аналарды барынша сақ болуға шақырамын. Ол үшін жауапкершілікті жете сезіну және вакцина алу қажет.

«Бюджетке қатысу» жобасына үміткерлерге арналған тренингтер өткізіледі

Сауал:

– Сәлеметсіз бе, Бақытжан Әбдірұлы!

«Бюджетке қатысу» жобасына өтініштер қабылдау басталғанынан хабардармыз. Талап-ережелерінде өзгерістер бар ма?

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– «Бюджетке қатысу» жобасы – қаламызды өздеріңізбен бірге көркейтудің үлкен мүмкіндігі. Сондықтан алматылықтарды жобаға белсенді қатысуға шақырамыз. Біз жақсы жобаларды қолдауға әрқашан дайынбыз.

8 ауданның әрқайсысына қала бюджетінен 800 млн. теңге бөлінеді. Жобаның жалпы сомасы 6,4 млрд. теңге. Бір жобаның максималды құны 58,3 млн. теңгеден аспауы тиіс. Жобаға қатысу үшін 1 қазанға дейін budget.open-

almaty.kz сайтында қалалық ортаны дамытудың идеясын ұсыну қажет. Егер бұл бастама басқа тұрғындардың дауысымен қолдау тапса, ол қалалық бюджет есебінен жүзеге асады.

Бұл ретте жобаға қатысушылардың дайындық жұмыстарының сапасын арттыру үшін 13 қыркүйектен бастап «Бюджетке қатысу» бойынша Uyumdasu Participatory Budgeting әлеуметтік жобасы аясында тегін онлайн-тренингтер ұйымдастырылады. Тренингке «Open Almaty» сайтындағы сілтеме бойынша тіркелуге болады.

Еске сала кетейін, «Бюджетке қатысу» жобасы Алматыда екі жыл жүзеге асырылды. Енді 23 тамыздан бастап жобаны іске асырудың үшінші жылына өтінімдерді қабылдау басталды. Екі жыл ішінде саябақтарды, скверлерді, аулаларды абаттандыруға, сондай-ақ көпшілік пайдаланатын жерлерді жарықтандыруға және жөндеуге жалпы құны 7,3 млрд. теңге болатын 322 жоба (2020 ж. – 49 жоба, 2021 ж. – 273 жоба) іске асты.

Бұл жобадағы бюджеттің үлесі 5%-ды құрайды, бұл белгіленген ең төменгі көлемнен 10 есе көп – жылдық бюджеттің 0,5%-ынан кем емес. Болашақта «Бюджетке қатысу» жобасы аясында қаржыландыруды көбейтіп қана қоймай, шеткі аймақтар үшін жобаларды іріктеу процедураларын одан әрі жетілдіру жоспарлануда. Осылайша тұрғындардан





ЕҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

ұсыныстарды жыл бойы жинау жоспарлануда.

Барлық мүмкіндік карастырылады

Сауал:

– Ассалаумағалейкум, Бақытжан Әбдірұлы!

Мен Алматы қаласының тұрғынымын, 3-топ мүгедегімін. 2018 жылдан бастап Жұмыспен қамту орталығынан қала бюджетінен төленетін 63 780 теңге субсидия аламын. Сол уақыттан бері бұл сома көтерілмей келе жатыр. Бұл туралы құзырлы орындардың барлығына шағымдандым да. Бірақ ешқандай нәтиже жоқ. Сонымен қатар, «Оңай» карточкасы қашан беріледі? Мүгедек жандарға қашан толыққанды көмек көрсетіледі?

(Қала әкімі мүмкіндігі шектеулі жанның сауалдарына жауап беру үшін сала мамандарын тікелей эфирге қосқызды).

Назира ТОҒЫЗБАЕВА, Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының басшысы:

– Бұл азаматпен біз байланыстамыз. Сауалдары бойынша жұмысымызды әрі қарай жалғастыратын боламыз. Бірақ 3-топ мүгедектеріне заң бойынша жоғарыда айтылған қажеттіліктер қарастырылмаған.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Алдымен бұл сауалдарға байланысты барлық мүмкіндікті жан-жақты қарап шығу керек. Егер заңда бұл мәселелер қарастырылмаған болса, бұл жөнінде азаматтарға егжей-тегжейлі түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Ал тіпті қажет болатын болса, онда ақылдаса отырып, министрлікке құқықтық-нормативтік актілерге өзгерістер енгізуді ұсыну керек.

Емхана құрылысы басталады

«Мамыр» ықшамауданының тұрғыны:

– Қайырлы кеш, әкім мырза! «Мамыр» ықшамауданында 20 жылдан бері емхана жоқ. Қазіргі емханамыз 3 бөлмелі «хрущевкада» орналасқан. Бізге қашан емхана салынады? Екінші сауалым: аулаларымызға әдемі балалар алаңын жасап бердіңіздер. Бірақ сол жерлерде кешікісін жастар жиналып алып, түн ортасына дейін ойын-сауық құрады. Шулайды, ойнайды, тұрғындарға маза бермейді. Оларға түнгі уақытта балалар алаңдарында отыруға тыйым салуға бола ма?



Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Иә, мен сіз айтып отырған емхананың қайда орналасқанын білемін. №18 емхана болуы керек, қателеспесем. Қасында мектеп бар. Сол жердегі бос учаскеде қазан айының соңына дейін жоспар бойынша жаңа емхананың құрылысы басталады. Ал екінші сауалыңыз бойынша, балалар алаңы, әрине, түнгі уақытта ойнауға арналмаған. Оның үстіне, бүкіл ауланы бақылауға бір учаскелік полицейдің шамасы келмейді. Содан кейін ата-аналар балаларына түнгі уақытта көшеде жүруге болмайтынын, айналадағы тұрғындардың мазасын алмау керектігін айтып, түсіндіргендері жөн. Ата-ана балаларын қадағалағаны дұрыс. Сондықтан бұл мәселені тәртіп сақшылары шешіп, қажет болса, тиісті шара қолданулары тиіс.

Мегаполис әкімі алматылықтарды көгалдандыру байқауына белсенді қатысуға шақырды

Сауал:

– Жұырда жарияланған аулаларды көгалдандыру байқауына кімдер қатыса алады?

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Біз үшін үй маңындағы аулаларды абаттандыру бойынша жұмысқа әрбір алматылықтың қатысуы маңызды. Қала күні қарсаңында тұрғындарды ынталандыру мақсатында «Аула аумағын ең үздік көгалдандыру–2021» байқауы жарияланды. Мақсаты – барынша абаттандырылған және көгалдандырылған аула мен тұрғын үйлерге іргелес аумақты анықтау, тұрғындардың аулада және іргелес аумақтарды абаттандыру мен көгалдандыру тәжірибесін насихаттау, тұрғындарды абаттандыру мен көгалдандыруға кеңінен тарту.

Өтінімдер 3 қыркүйектен бастап қабылдануда. Қатысушыларды марапаттау 19 қыркүйекке, яғни Қала күніне жоспарланған. Гран-при – 5 миллиондық сертификат, оған ауланы абаттандыруға арналған құрал-жабдықтарды, өсімдіктер сатып алуға болады. 8 ауданның әрқайсысы бойынша бірінші орынға – 1 млн. теңге, екіншісіне – 500 мың теңге, үшінші орынға бау-баққа қажет заттар беріледі. 7 қыркүйектегі жағдай бойынша аталған байқауға қатысуға бүгінде 100-ден астам өтініш түсті.

Аудандар арасындағы алғашқы үш орын сайт бойынша дауыс беру арқылы анықталады. Бұл байқау қаламызда жасыл аймақтар құруға, аула мен ландшафт дизайнында озық тәжірибені насихаттауға, инновациялық тәсілдер мен идеяларды қолдана отырып, бау-бақтарды дамытуға ықпал етеді деп ойлаймыз.

Мәселе бақылауда болады

«Шұғыла» ықшамауданының тұрғыны:

– №200 мектеп-гимназиясының батыс жазығында орналасқан, жаңадан салынған қатарынан 8 үй тұр. Үйдің батыс жазығында жүретін жол жоқ. Тіпті, балалардың мектепке қатынауы да қиындап барады. Осы мәселе қашан шешіледі?

Санжар ТОҒАЙ,

Наурызбай ауданының әкімі:

– Иә, ауданымызда мұндай мәселе бар. 8–10-ға дейінгі үйлер – жекеменшік. Бұл үйлер Полиция басқармасының ғимаратының жанында орналасқан. Тұрғындар бізге бұған дейін де осы сауал төңірегінде жүгінген болатын. Жер телімі жекеменшікте болғандықтан қазір бұл мәселені шешуге мүмкіндік жоқ. Дегенмен, бұл сауал төңірегіндегі мәселені қайта қарап, саралайтын боламыз.

«Бізге де автобус жүрсе дейміз»

Сауал:

– Алматы облысына қарасты Елтай ауылының тұрғынымын. Менің сұрағым: біздің ауылға қалаға қатынайтын автобустар шыға ма? 15 ақпан күні Мобильдік басқармаға өтініш берілген. Бірақ ешқандай жауап келмеді. 25 маусымда да ауылдағы 500 тұрғын қол қойып, әкімшіліктің өтінішімен қоса жібергенбіз. Оқу басталды, қалаға қатынайтын балалар, студенттер бар, емханаға баратын мүгедек жандар да аз емес. Осы қоғамдық көлік мәселесі шешілсе деген тілегіміз бар.

Сала басшысы:

– Қала сыртына қатынайтын 22 автобустың сызбалары дайын. Жақын арада транспорттық автобустар келгенде бұл мәселені қарастыратын боламыз. Қазіргі уақытта ол жаққа бөлінетін автобустар жоқ.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Өздеріңіз жақсы білесіздер, заң бойынша қаланың төңірегіндегі елдімекендерді қала қамтамасыз ету керек. Бірақ қаланың ішіне де көптеген аудандар, елдімекендер қосылып жатыр. Қала ішінде де қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету жөнінде мәселелер жиі көтеріледі. Біз жаңа автобустар алып жатырмыз. Қалаға жақын арада тағы да 150 автобус келетін болады. Сол кезде қаладан ауысқан автобустарды қала сыртындағы аймақтарға жіберуді қарастыратын боламыз.

ТҮЙІН: Эфир барысында шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев қала тұрғындарын толғандырған барлық сауалдарға жауап берді. Көтерілген мәселелердің ешқайсысы жауапсыз қалмады. Тіпті, бірқатар сауалдар сол мезетте аудан әкімдері мен сала басшыларын эфирге қоса отырып шешіліп отырды. Кейбір мәселелерді жауапты мамандарға уақытында шешуді қатаң тапсырды.

Ал қорытынды сөзінде қала әкімі алматылықтарды өз денсаулықтарына немқұрайлы қарамай, қауіпті індетпен бірлесе күресуге шақырды. Сонымен қатар, қала тұрғындарына індетті ауыздықтаудың ең тиімді жолы – екпе алу екендігін ескертті.

Әзірлегендер
Нұржамал ӘЛШЕВА,
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда **160**
мәдени нысан мен ұйымдар
жұмыс жасауда.



Қалада
200-ге жуық
екпе пунктті бар.



Алматының
шикізаттық емес
экспорт көлемі
32,8%-ға
өскен.



Соңғы екі жылда қалада
«Бюджетке қатысу» жобасы
аясында

322 жоба
жүзеге асырылды.



Мегаполисте
2022 жылдың соңына дейін

1 миллион
ағаш отырғызу
жоспарлануда.



«ЖОМАРТ ЖҮРЕК–2021» МЕЦЕНАТТАР БАЙҚАУЫ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жеңімпаздарды мегаполис әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров марапаттады. «Жомарт жүрек» байқауы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында құрылды және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кәсіпкерлер мен жеке тұлғалардың қайырымдылық жобаларына қатысуын жанама ынталандыру тетіктерін енгізу тұрғысындағы тапсырмасын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Мен бүгін осы жобаның барлық қатысушысына, ең алдымен, жеңімпаздарға шын жүректен алғыс айтқым келеді. Бүгін біз бес номинация бойынша лауреаттарды марапаттадық. Әрбір номинацияның маңызы бар. Мен сіздерге тағы да шын жүректен алғысымды білдіргім келеді және біз шаһардың мәселелерін шешу үшін игі істерді жалғастыра беруіміз керек», – деді қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров.

Ержан Бабақұмаров байқаудың лауреаттарын марапаттап, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және қаланың гүлденуіне қосқан үлестері үшін алғысын білдірді. Биыл Алматыда қаланың инфрақұрылымын абаттандыру мен жақсарту бойынша ірі әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды. Алматының меценаттары түрлі бағыттар – білім, спорт, мәдениет және т.б. бойынша барынша ауқымды қайырымдылық шараларын жүзеге асырды.

Республикалық сыйлықтар бес номинация бойынша берілді. Алматыда өткен байқаудың жеңімпаздары:

– «Жыл тұлғасы» – белсенді қайырымдылық қызметі үшін – Сырымбек Тай, «Daco Motors KZ» ЖШС бас директоры.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Меценат 8500 отбасыға азық-түлік себеттері мен медициналық қызметкерлермен қамтамасыз ету арқылы көмектесті. Науқас балаларға арналған оңалту орталығының құрылысына 20 миллион теңге бөлінді. «Мектепке жол» бағдарламасы аясында 100 балаға оқу құралдарын, 10 планшет пен 5 ноутбук алып берді. Үш отбасының тұрғын үй сатып алу үшін бастапқы төлемінің 30%-ын төледі. Балалар үйіне, «Сауран», «Алатау» қайырымдылық қорларына көмек көрсетеді.

– «Жыл меценаты» – белсенді меценаттық қызметі үшін – Долкунтай Абдулхалил, «METALL PROM GROUP» ЖШС директоры.

Компания өмірлік қиын жағдайға тап болған 5 мың отбасыға азық-түлік себеттері түрінде көмек көрсетті. Ол қаладағы жас



спортшыларға және бірқатар спорт клубтарына, жасөспірімдер арасындағы республикалық жарыстарды ұйымдастыруға демеушілік көрсетті. Долкунтай Абдулхалил биыл қайырымдылыққа барлығы 88,7 миллион теңге бөлінді.

– «Туған өлке» – кіші отанды қолдау бойынша әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асырғаны үшін – Мұхаметхан Сабыржан. Ол 4 балалар спорт алаңының құрылысына демеушілік жасады, мұқтаж отбасыларға үйлерін жөндеуге 4 миллион теңге көлемінде көмек көрсетті.

– «Жылдың үздік ұйымы» – қайырымдылық бағдарламасын тиімді іске асыру үшін – ЖШС «BAZIS-A Corp».

Компания Бостандық ауданындағы №146 мектепке 300 балаға арналған қосалқы корпусы өз қаржысына салды. Кәсіпорын №65 мектеп аумағында 300 орынды корпус салуды жоспарлауда.

– «Жылдың үздік қамқоршысы» – әлеуметтік маңызды өзгерістер мен түрлендіру бойынша қайырымдылық көмегі үшін – «Комета» ЖШС. Компания қайырымдылық шараларына қатысты, мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсетеді, мобильді ауруханаларға су жеткізуге демеушілік көмек ретінде 10 млн. қаржы бөлінді. Олар №1 балалар үйіне, «Жанұя» арнайы кешеніне, №123, №149 балабақшаларға және педиатрияның ғылыми орталығына үнемі көмек көрсетеді.

Айта кетерлігі, меценаттар мегаполис пен оның тұрғындарына тұрақты түрде көмек көрсетеді. Демек, ұйымдастырушылар атап өткендей, мұндай іс-шаралар бизнес-құрылымдардың, меценаттардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мен еріктілерді жақсы істер атқаруға ынталандырады және мейірімділік идеясын насихаттайды.

Сондай-ақ, қалада «Туған жер» арнайы жобасы аясында ірі әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды. Қала меценаттары әртүрлі бағытта ауқымды қайырымдылық шараларын да іске асырды. Жаңадан шыққан лауреаттардың арасында құрылыс және өнеркәсіптік кәсіпорындардың өкілдері, кәсіпкерлер бар.

Білім мекемелері бақылауда

Шаһарда оқушыларды індеттен сақтандыру мен қорғау жүйесі тексерілді



Рая
ЕСКЕНДИП

Сонымен, өзінің жұмысын тұрақты жүргізіп отыратын комиссияның басты мақсаты – білім ошақтарында індеттің алдын алып, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту. Жалпы, дәстүрлі оқыту форматы сапалы білім мен дағдыларды толық беруге мүмкіндік береді. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындарында инфекцияның таралуын болдырмау шараларын күшейту тапсырылды.

Арнайы топ өз жұмысын алдымен Жетісу ауданына қарасты «Көкжиек» ықшамауданында орналасқан №177 жалпы білім беретін мектептен бастады. Білім ошағында бүгінде 2192 оқушы білім алып жатыр. Қазіргі кезде олардың 144-і ата-аналарының өтініші бойынша қашықтан, ал 2048-і дәстүрлі форматта білім алууда.

Аталмыш мектеп оқушылары ішке үш кіреберіс арқылы кіреді. Мұнда барлық санитарлық талап қатаң сақталған, алдымен оқушылар фильтрден өтіп, арнайы құрылғымен қызуы өлшенеді. Сосын антисептиктермен қолдарын сүрткізіп, арақашықтықты сақтау арқылы өз сыныптарына кіреді. Егер оқушыдан дене қызуы байқалса, ол дереу оқшауланады, дәрігердің ба-

Соңы. Басы 1-бетте.

қылауында болады. Сонымен қатар, мектепте ауа тазартқыш, қызу өлшегіштер мен басқа да сақтық құралдары жеткілікті мөлшерде. Мектеп мұғалімдері 100% вакцина алған.

Осыдан соң арнайы топ осы ықшамаудандағы №21 емханада болды. Қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров ықшамаудан тұрғындарының денсаулығы мен эпидемиологиялық жағдаймен толық танысып шықты. Емхана басшысы Ерлан Құдабаевтың айтуынша, өткен жылдың ақпанынан бастап екпе пункті ашылған. Тұрғындардың 60 пайызы екпе алса, дәл қазіргі уақытта науқастар саны азайған көрінеді.

Арнайы топ мүшелері келесі кезекте Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың №4 жатақханасында болды. Студенттердің денсаулығымен танысып, сақтық шараларының қаншалықты деңгейде қадағаланып отырғанын тексерді. Қала әкімінің орынбасары мұндағы жұмыстардың орындалуы туралы жан-жақты қадағалады.

– Университетіміздің жатақханалары 1900 орынды. Қазір барлық жатақхана студенттермен толық қамтылған. Орналасу барысында 6 студенттер арнайы тест сарапнамасы арқылы вирус анықталып отыр. Олардың барлығы да кәмілетке толмаған, яғни 18 жасқа толмаған студенттер. Әрі еліміздің әртүрлі аймағынан келген. Сондықтан олар қазір дәрігерлердің бақылауында болып, арнайы ем-дом қабылдап жатыр. Емделіп шыққан соң оқула-

рын жалғастырады. Олармен байланыста болған студенттер де оқшауланды. Ендігі кезекте университет әкімшілігі студенттерге дәрумендер үлестіруді қолға алып отыр. Жалпы, университетіміздің оқытушы-профессорлары құрамының 73%-ы екпенің екі компонентін алса, қалған 20%-ы денсаулықтарына байланысты екпеден шектеліп отыр. Университеттегі негізгі пәндер офлайн, қосымша пәндер онлайн форматта өтуде, – деді университеттің Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Мансұр Сансызбайұлы.

Келесі кезекте арнайы топ мүшелері Бостандық ауданы аумағындағы №10 жалпы білім беретін мектепке келді.

Дәл қазір Алматының 23 мектебінде ковид жұқтырған оқушылар анықталып отыр. Олардың барлығы арнайы емдеуден өтіп, қашықтан білім алууда. Қалада қазір 160 вакцина пункті бар. Толық құрамдағы 237 бригадада 1028 адам жұмыс істейді. Ковидке қарсы вакцина алу тегін. Бүгінде Алматыда 895 959 адам вакциналанды. Олардың 34 786 (100 пайыз) оқытушы, 14 875 (70 пайыз) ЖОО қызметкерлері, 57 044 (34 пайыз) студенттер.

Коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау жөніндегі қалалық штаб қалалықтарды вакциналануға шақырып, бұл – вирустан қорғанудың бір-ақ жолы екенін тағы да еске салды.

ШАҒАР
ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Жылу маусымына дайынбыз

Алып шаһар алдағы жылу маусымына 94 пайызға дайын. Осылай деген жауапты мекеменің өкілдері қазір қалада жылу жүйесінде соңғы сынақтар өткізіліп жатқанын айтып отыр.

Бұл кешенді шара кезінде жөндеуден кейінгі құбырлардың беріктігі мен тығыздығы тексеріледі. Айта кетейік, биыл ескірген қазандықтар энергияны үнемдеп, жылу өткізуді жақсартатын заманауи еуропалық өнімдерге алмастырылған.

«Алматы жылу желілері» ЖШС бас инженері Данияр Қазымбетовтің айтуынша, сорғы жабдықтары да 94 пайызға дайын. Жоспар бойынша ағымдағы жылы 17 жылу желісін қайта жөндеуден өткізу міндеттелген. Олар аяқталуға жақын. Оның ішінде 20 шақырымға жуық жылу желісі мен 6 сорғы станциясындағы жабдықтарды жаңартылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





КЕРЕК ДЕРЕК

АЛМАТЫ КӨШ БАСЫНДА

Онлайн-санақтан өткендер саны бойынша оңтүстік астана ең белсенді қала атанды



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қалада 88 595 тұрғын санақтан өткені жайлы хабарлама алған. 8 қыркүйек сағат 9.00-дегі жағдай бойынша 662 850 респондент онлайн-санақтан өтті. Бір тәулік ішінде 209 мыңнан аса адам санақ сауалдарына жауап берген.



Осылайша тәуліктік рекорд жаңарып отыр. 570 251 адам sanaq.gov.kz сайтында, 71 387 Egov порталында тіркелу арқылы жауап берсе, 21 212 адам санаққа Aitu қосымшасы арқылы қатысты.

Алғашқы жеті күннің қорытындысы бойынша Алматы мегаполисі алға шықты. Онлайн-санақтан өткен тағы 87 275 адам Нұр-Сұлтанда тіркелген. Үздік үштікті Алматы облысы түйіндеді. Мұнда 62 392 адам санақ сауалдарына жауап берді. Бұл көрсеткіш бойынша әзірге соңғы екі орынды Түркістан және Атырау облыстары еншілеп тұр. Бұл өңірлерде сәйкесінше 10 345 және 6667 адам санақтан өтіпті.

Әлеуметтік желілерде «Сіз қанша тірі бала тудыңыз?» деген сауал төңірегінде пікірталас өрбиде. Атап өтерлігі, аталған сұрақ Еуропалық статистиктер конференциясының ұсынысымен қосылған болатын. Әйелдердің тірі туған балалары жөніндегі сауал соңғы 50 жыл ішінде Халық санағын өткізу кезеңде кенінен қолданылып

келген. Бұл сұрақ демографиялық зерттеу үшін де ұдайы қойылады.

2021 жылы тірі туған балалар жөніндегі сауалдар дүниеге келген сәбилердің жынысы мен санақ өткізгенге дейінгі соңғы туған нәрестенің туған күнін анықтауға арналған нақтылаушы сұрақтармен толықты. Оларға берілген жауап кейін нәресте өлімі көрсеткішін баланың жынысына қарай терең талдауға қолданылады.

Тірі туған балалар туралы сауал салу туу көрсеткіші туралы маңызды деректерді алуға жол ашады. Көп жағдайда мұндай мәліметті басқа жерден, тіпті азаматтық хал-ахуал жағдайын тіркеу жүйесі дамыған болса да алу мүмкін болмайды. Атап өтерлігі, бұл сұраққа тек қана репродуктивті жастағы әйелдер ғана жауап бермейді. Алынған мәліметтер әр кезеңдегі туу және нәрестелер мен балалар өлімі тенденциясын салыстыру және бағалау үшін қажет.

Халық санағы нәтижесінде жиналған ақпарат әдетте халықтың табиғи қозғалысын тіркеу базасындағы мәліметтерден әлдеқайда нақты әрі толыққанды болады.

Сонымен қатар, алынған нәтижелер БАҚ тарапынан мол сұранысқа ие екенін атап өткіміз келеді. Себебі, нәрестелер мен балалар өлімінің көрсеткіші, оның кезең-кезеңмен өзгеруі туралы мәліметтерге тұрғындар үлкен қызығушылық танытады.

Ұлттық статистика бюросы азаматтардың белсенділігі үшін алғыс айта отырып, санақты онлайн өтуге шақырады. sanaq.gov.kz сайты 15 қазанға дейін тәулік бойы қолжетімді болмақ. Онлайн-санақтан өтпегендер 1–30 қазан аралығында интервьюерлердің сауалдарына жауап бере алады. Барлық сауал бойынша 1446 байланыс орталығына хабарласуға болады. Қоңырау шалу – тегін.

WWW.SANAG-GOV.KZ

САУАЛНАМАДАН ӨТУ МАҢЫЗДЫ



Әсел
ДАҒЖАН

1 қыркүйекте елімізде кезекті Ұлттық халық санағы басталды. Санақтан алғаш рет онлайн-режимде өтуге болады. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қоғамдық сенім жөніндегі Ұлттық кеңестің мүшесі, Алматы қаласының Қоғамдық кеңесінің мүшесі Марат Шибұтовтың айтуынша, халық санағы жай ғана халық санағы емес, ол елдің әрбір тұрғынының әлеуметтік даму жағдайын көрсететін бірқатар аспектілерді қамтиды.

Сарапшы мегаполис тұрғындары үшін сауалнамадан өту маңызды екенін, халықтың ең көп өсімі Алматыда екенін атап өтті.

«Санақтың мақсаты – демографиялық, экономикалық және әлеуметтік процестер туралы нақтылы ақпарат алу. Ол мемлекеттік басқару үдерісін жақсарту үшін жүргізілуде, себебі, біздің инфрақұрылым мектеп, тұрғын үй, медицина тұрғысынан

халықтың санына байланысты. Айталық, тіркелген адам санына қарай берілген микроучаскедегі мектептердің саны есептеледі. Егер біз санаққа қатыспайтын болсақ, онда мәліметтер сәйкес келмейді, содан кейін бізде мектеп жетіспейді, біз мектепке бара алмай отырмыз немесе біздің сыныпта 45 бала оқиды дейді. Санақ Алматы қаласы тұрғындарының нақты санын көрсететінін түсіну қажет», – дейді М.Шибұтов.

Сарапшы мегаполисте 2 миллион адам бар екенін атап өтті. Бірақ іс жүзінде медициналық құжаттар мен Полиция департаментінің мәліметтері бойынша тұрғындар саны әлдеқайда көп. М.Шибұтов деректердің сәйкес келмеуі мәселен, көлік жүктемесіне алып келеді деп есептейді.

«Кез келген санақ әр 10 жыл сайын жүргізілуге тиіс. Сонымен қатар, көпшілігі бұл не үшін қажет деп ойлайды. Себебі, ЖСН, бухгалтерлік мәліметтер базасы бар. Тек жаңалықтарға қарап, біздің елде қанша адам құжатсыз өмір сүретінін білуге болады, не КСРО үлгісіндегі төлқұжатпен, не ешқандай жолмен рәсімделмеген. Әлі де тіркелмеген балалар бар», – деді сарапшы.

Қала белсендісі 15 қазанды қоса алғанда, еліміздің әрбір тұрғыны www.sanag.gov.kz сайтына кіріп, 69-ға жуық міндетті және 22 қосымша сұрақтан тұратын сауалнаманы толтыра алатынын айтты.

Сауалнама жүргізудің дәстүрлі форматы ағымдағы жылдың 1 қазанынан 30 қазанына дейін электронды планшеттер арқылы сұхбат беру арқылы өтеді. Сарапшы сауалнамаларда неліктен кәріз, қоқыс желісі, жылыту туралы сұралатынын түсіндірді. «Бұл өте маңызды сұрақтар, себебі, олар осы игіліктермен нақты қамтамасыз етілуін көрсетеді. Адамдар кейде шенеуніктер бізде бірдене жетіспейтінін, инфрақұрылымға қол жетімділікті және т.б. жағдайларды білмейді деп айтып жатады. Ал олардан не жетіспейтінін егжей-тегжейлі сұрағанда, олар бұл сұрақтарға наразылық танытады. Бұл дұрыс емес қой. Осындай сұрақтардың көмегімен ғана неге қажеттілік бар екенін түсінуге болады», – деді М.Шибұтов.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі қала тұрғындарын кірістері туралы сұрақтарға шын жауап беруден қорықпауға шақырды. «Адамдар кейде мұндай орташа жалақы қайдан шыққан, бізде бұдан аз деп ызаланады. Сондықтан кірісті нақты жазу керек. Сонда жұмыссыздар немесе уақытша жұмыспен қамтылғандар анықталады, бюджеттік саясатты да, қаржылық саясатты да өзгертуге болады. Мысалы, жалақыға салынатын салықты өзгерту. Мұның бәрі адамдардың қаншалықты адал болғанына байланысты. Санақ осы объективті деректерді көрсетуге тиіс», – деді сарапшы.

Сөз соңында М.Шибұтов әрбір сұраққа әділ жауап беруге үндеді.

«Егер сіз мемлекеттің сұрақтарынан қорқатын болсаңыз, онда ештеңе талап етпейсіз, әлеуметтік жәрдемақыны, мектептерді сұрамаңыз. Егер қорқатын болсаңыз, мемлекетпен байланыспаңыз. Біз Алматыда қанша адам тұратынын нақты білетін болсақ, онда бірқатар әлеуметтік мәселелерді, соның ішінде көші-қонға байланысты мәселелерді дұрыс шешуге болады», – деді М.Шибұтов.

АҚТАҢДАҚ ЖЫЛДАР АҚИҚАТЫ

ТАРИХИ ӘДІЛЕТТІЛІК КЕРЕК



Динара
МҰРАТ

Қазақ елінің бастан кешкен нәубеті мен бейнеті жетерлік екені тарихтан белгілі. Сонау жоңғар жаугершілігі, одан қалды Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама, беріректе адам қолынан жасалған ең ауыр қасірет ол, әрине, 1931–1933 жылдардағы ашаршылық заманы. Қаншама қазақ тұкымы қырылды, қаншамасы бас сауғалап кетті. Мұның барлығы жазылып жатыр ғой, бірақ сол зұлмат заманда жазықсыз айыпталған, сотсыз және тергеусіз атылғандар мен қуғын-сүргінге ұшырағандардың есімдері әлі күнге дейін белгісіз құпия. Осы ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекеттік комиссия құрды. Комиссия солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруге тиіс деп танылды.

ҚР Ұлттық кітапханасында «372 көтерілісті басу барысында сотсыз және тергеусіз атылған, сондай-ақ осы наразылықтарға қатысып, қолдағаны үшін соттан тыс және сот органдарымен қуғын-сүргіндерге ұшыраған құрбандар туралы ақпарат пен жұмыс тәжірибесімен алмасу туралы» атты онлайн-семинар өтті. Онда Алматы, Шымкент, Алматы облысы, Жам-



был облысы, Қызылорда мен Түркістан облыстарының өңірлік комиссия мүшелері сөз сөйлеп, жұмыс нәтижелерімен бөлісті.

Алматы бойынша саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі қалалық комиссияның төрағасы Ержан Бабақұмаров алматылық комиссия өз деңгейінде жұмыс атқарып жатқанын, мұндай бастамалар қоғамда қолдау тапқанын алға тартты.

«Бүгінгі семинар 372 көтерілістің құрбандарына арналған. Аталмыш шараның тарих ғылымының дамуы мен саяси оңалту, заңсыз зардап шеккен адамдардың адал есімдерін қалпына келтіру жолын-

да маңызы зор. Іс-шараның мақсаты – Мемлекет басшысының саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау және тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жөніндегі тапсырмаларын орындау бойынша барлық оңтүстік облыстарда жүргізіліп жатқан жұмыс нәтижелерін салыстыру. Менің ойымша, біздің өзара ақпарат, тәжірибе, әдістемелік тәсілдер алмасуымыз алға жылжуға мүмкіндік береді. Себебі, осы 372 көтерілісте репрессияға ұшырағандардың ғана емес, сонымен бірге осы көтерілістерді қолдағаны үшін қуғын-сүргінге ұшырағандардың категориялары анықталды», – деп түсіндірді Е.Бабақұмаров.

Жалпы, зерттеу барысында комиссия мүшелерімен Алматы қаласы Полиция департаментінің арнайы мұрағатында, Алматы қаласының Орталық мемлекеттік мұрағатында, «Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты» ММ-де сақталатын мұрағаттық құжаттар мен тергеу істері зерделенді.

Алматы қаласы бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелерімен қалалық комиссиясы жұмыс тобының жетекшісі Шолпан Арапбайқызы таныстырды. Айтылған мәліметтерге сәйкес, 1929–1931 жылдары Қазақстан аумағында қарулы көтерілістер толқыны өтті. Жалпы санағанда 372 көтеріліс орын алып, оған 80 мыңға жуық адам қатысты. Осы толқулардың нәтижесінде тек 1931 жылы Қазақ өлкесінен 281 230-ға жуық шаруа қожалықтары кеткен болса, 5551 қатысушы Кеңес өкіметіне қарсы шыққаны үшін сотталды және олардың арасынан 883 адам атылған.

Қалалық комиссияның №1 жұмыс тобы басты назарын Алматы облысында орын алған көтерілістер бойынша материалдарды қарастыруға аударды. Баяндамада Қаратал ауданындағы және Балқаш–Шоқпар көтерілістері кезіндегі істі болған немесе іздеу жарияланған адамдардың жеке ақпараттары берілген. Оған қоса, алматылық мұрағаттардағы Қазақстанның өзге өлкелеріндегі кө-

терілістерде зардап шеккендер жайлы мәліметтер де берілген. Семинар модераторы, Мемлекеттік комиссия мүшесі Сабыр Ахметжанұлы осындай маңызды істе алматылық комиссияның жұмысын жоғары бағалап, өзге өлкелер жайлы ақпараттармен басқа да өңірлердің комиссия мүшелерімен бөлісуге кеңес берді.

Шара барысында тарих ғылымының докторы, академик, Мемлекеттік комиссияның жетекшісі Талас Омарбекұлы 1929–1931 жылдар аралығында Қазақстандағы халық наразылықтары ошақтарына толыққанды тоқталып, жалпы «террорлық» деп танылған қозғалыстардың жылдар бойынша нақты санын, біздің ел аумағында әрекет еткен «бандылар» жайлы өзінің зерттеу жұмысынан баяндама ұсынды. Соңында осы көтерілістер кезінде қайтыс болғандардың, шекара аймағындағы, Қазақстандағы «бандылардың» тізімін келтірген.

Қазақ ұлтының тарихындағы осындай әділетсіздікті, қиындықты жылдар көшінде жүректен өткізіп, сезінбесек, оны барынша дәріптемесек, өткен күндердің, «еліміз» деп өткендердің зая кеткені.

«Бұл материалдарды зерттеу есімдерді қалпына келтіруге ғана емес, сонымен бірге ұжымдастыру, мүлкі тәркілеу, аштық, халықтың отырықшылыққа көшуі, тарихтың барлық қиын-қыстау сәттерін алдындағы процестердің мәнін нақтылауға көмектеседі деп айтқым келеді.

Бүгінгі іс-шара бізге одан әрі ілгерілеуге және тарихымызды түсіндіруге баға жетпес үлес қосуға көмектеседі деп сенемін», – деді Е.Бабақұмаров.



#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің
мен үшін
маңызы...»Дәурен ӘДІЛБАЙ,
PhD докторы:

– Ең қымбат байлықтың бірі – бостандық, тәуелсіздік! Міне, биыл ащы термен келген тәтті жеңісіміз – Тәуелсіздігімізге 30 жыл. Осы жылдар ішінде еліміз етек-жеңін түріп, өз алдына дербес, зайырлы мемлекет болды.

Біз бостандықтың ең қастерлі, ең қымбат, ең үлгілі жағын санамалап қана көрсетеміз, ал бостандықтың асыл қасиеті, ізгі мұраты жөнінде айтып тауысу мүмкін емес. Тәуелсіздік, бостандық бір күннің әңгімесі емес. Қазақ халқының тарих алдында пейілі ақ, ниеті түзу болды. Халқымыздың дәл осы пейіліне орай, ғасырлар бойы күткен тәуелсіздік қолымызға қонды. Тәуелсіздіктің туын биік ұстау – перзенттік парызымыз, бабалар алдындағы мәңгілік қарызымыз. Осыны жадымыздан шығармай, еліміздің одан әрі дамуына үлес қосуымыз керек. Қазақстан – менің мемлекетім ғана емес, менің үйім, Отаным. Менің жетістігім – Отанымның жетістігі. Тәуелсіз Қазақстан үлкен мүмкіндіктерге ие мемлекет және қарқынды даму үстінде. Еліміз көркейе берсін, асқақтай берсін!

Айнұр ӘБДІЖАПАР,
қобызшы:

– Тәуелсіздік – халқымыздың мәңгілік құндылығы, сан ғасырлық қаһармандық тарихының ажырамас бөлігі. Еуразияның жүрегінде, өркениеттер тоғысында талай халықтарды тал бесігінде тербеткен халқымыздың

күллі тарихы – ұлт пен ұлыс ретінде сақталып қалу жолындағы толассыз күрестерге толы тарих. Осы тәуелсіздігіміздің арқасында мен әлемнің түкпір-түкпірінде, атап айтқанда, Түркия, Македония, Италия, Франция мемлекеттерінде өткен әлемдік додаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүрмін. Тәуелсіз еліміздің арқасында шәкірттерімізді шет елде өтіп жатқан халықаралық байқауларға да қатыстырып жатырмыз. Мұның барлығы осы еркіндігіміздің арқасы деп есептеймін.

Аружан ҚҰЛЖАНБАЕВА,
студент:

– Тәуелсіздік – тек тарих емес, ол – бүгінгі күн. Әрбір күніміз бақыттан тұрады деп білемін. Ең бастысы, қозғалыс, даму, шыдам керек. Біз бақытты ұрпақпыз. Тәуелсіздік алған уақытта өмірге келдік. Өстік, жетілдік. Еркін

елдің топырағына аунап, суын ішіп, мамыражай күн кешіп отырмыз. Теңгемізді, тілімізді, шекарамызды, Елордамызды қалыптастырып, дамудың даңғыл жолына түстік. Қазіргі уақытта өзін қалаған ЖОО-да білім алып жатырмын. Келешекте білікті мамандардың қатарынан табылып, қолдан келген көмегімді тигіземін.

Дайындаған
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.Динара МҰРАТ,
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Алматы қаласының мектептері мен жоғары оқу орындарында ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ашық сабақтар басталды. Ай бойы республиканың барлық мектептерінде осы тақырыпта сынып сағаттары мен ашық сабақтар өткізіледі. Ұрпақ санасына қастерлі тәуелсіздік жылдарының қасиетін ұғындыратын жоба бүгін Алматы қаласындағы мектептер мен ЖОО-да да бастау алды.

Бостандық ауданына қарасты М.Мақатаев атындағы №140 мектеп-гимназиясында 5-сынып оқушылары арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» атты сыныптық тәрбие сағаты өтті. Ашық тәрбие сағатының мақсаты – білім мен тәрбие беру, оқушыларға 30 жылда еліміз жеткен 30 жетістікті насихаттау.

Сынып сағаты мемлекеттік Әнұранмен басталды. Дәріс барысында тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттік құрылыстың негізгі қорытындылары мен перспективалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз мемлекетті нығайтудағы тарихи рөлі туралы айтылды.

Бостандық аудандық Білім бөлімінің басшысы Бақытбек Бостандықұлының ай-

«ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕТІСТІКТЕРІ»
іс-шарасы басталды

туынша, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты мұндай іс-шаралар қаладағы әр мектеп пен балабақшада оқу жылының аяғына дейін ұйымдастырылады. Бостандық ауданы бойынша оқушылар арасында түрлі ашық сабақтар, сурет көрмелері, спорттық ойындар, байқаулар өткізіледі. Ауданда 34 мемлекеттік, 24 жекеменшік мектеп бар. Мемлекеттік мектептерде 37 мыңдай оқушы оқиды. Бастауыш, орта және жоғарғы буын арасында іс-шаралар алдымен мектептің өзінде, кейін аудан бойынша өтеді.

«Жылдың соңына дейін өтетін іс-шараның М.Мақатаев атындағы мектеп-гимназиясында басталуының өзі тегіннен-тегін емес. Биыл ақиық ақын М.Мақатаевтың туғанына 90 жыл толып отыр, әрі бұл мектеп – қаладағы ең үздік мектептердің бірі. Соған байланысты тағылымды шараларды біз осы мектептен бастағанды жөн көрдік», – деді Бақытбек Бостандықұлы.

Жоғары оқу орындары студенттерінің арасында да Тәуелсіздік ұғымы насихатталып, оның тарихи алғышарттары мен саяси көрінісі түсіндірілді. Мысалы, С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің қабырғасында «Тәуелсіздік жылдарындағы егеменді еліміздің және С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың тұғырлы жетістіктері» атты мерекелік шара өткізілді.

Екінші курс студенттері арасында ұйымдастырылған шара әдеттегідей Ән-

ұранмен басталып, аталмыш оқу орнының Корпоративтік даму жөніндегі проректоры, профессор Убайдулла Махамбетұлының алғысөзімен жалғасты.

– Бұл шараны Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында ұйымдастырып отырмыз. Отыз жыл тарих кеңістігінде аз ба, көп пе деген сұрақ туындайды. Менің ойымша, мәселе уақыттың ұзақтығында емес, осы жыл ішінде атқарылған жұмыстардың нәтижелілігінде. 30 жылда елімізде елеулі тарихи өзгерістер орын алды.

Саяси аренада болсын, экономикалық тұрғыдан болсын Қазақстан өз атын шығарып, өмірлік маңызы бар барлық салаларда дамыды. Соның ішінде білім саласында талай реформалар жүргізіліп, жоғары оқу орындарында білім берудің жаңа жүйелері енгізілді. Оған біздің университеттегі өзгерістер дәлел. Қазір біз еліміздегі медициналық университеттер арасында QS рейтингіне енген жалғыз оқу орнымыз. Атап айтсақ, Болон процесі, академиялық ұтқырлық, шетелдік тәжірибе, тағысын-тағы. Жоғарыдағы атқарылған жұмыстардың жүгі ауыр деп ойлаймын, сондықтан 30 жылда ел ретінде жеткен жетістігіміз жетерлік деп дөп басып айта аламыз, – деді проректор.

Келесі кезекте арнайы шақырылған қонақ – астаналық Медицина университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы Жанна Сәбитқызы сонау сақ-сарматтардан бастап, 1986 жылы жалындаған қазақ жастарының көтерілісіне дейінгі тарихи оқиғаларды жіпке тізіп айтып берді. Сол арқылы егемендікке әкелген жолдың тар жол, тайғақ кешу екенін түсіндіргендей әсер қалдырды.

Одан бөлек, саясаттанушы Талғат Жанысбай, Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының ассистенті Ғалым Алаудиұлы сынды қонақтар да өз ойларымен бөлісіп, студенттермен пікірталас өрбітті.

Университет проректоры Убайдулла Махамбетұлы мұндай шаралар жыл бойы жалғасын табатынын, бұл тек бастама екенін жеткізді. Жалпы, жыл бойы Тәуелсіздіктің 30 жылдығы республика бойынша барлық мектептер мен жоғары оқу орындарында кеңінен аталып өтпек.

ТЕГІН КӨМЕКТІҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»:

800 млн. теңгеден астам бюджет қаражатынан
23 мыңнан астам оқушыға көмек көрсетілдіСерік
ЖҰМАБАЕВ

Қазір елімізде оқушылардың барлығы дерлік сабақтарын мектепке барып оқып жатыр. Биылғы оқу жылында оқушылардың мектеп партасында отырып білім алуына рұқсат берілді. Дегенмен, кейбір ата-аналар үшін балаларын жаңа оқу жылына дайындау оңай болған жоқ. Бұл ретте елімізде жыл сайын «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы өткізіліп тұрады.

Әр өңірді қамтитын аталған акцияға жергілікті мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, бизнес өкілдері, демеушілер қатысып, балаларға аяқкиімнен бастап, жаңа киімдер, мектепке керек-жарақтарын сатып алып береді. Осылайша әр сыныптағы балалар түгелдей дерлік мектепке баруға дайын болады.

Білім және ғылым министрлігі баспасөз қызметінің мәліметінше, жалпы білім беру қорынан аз қамтылған отбасылардан шыққан 400 мыңнан астам білім алушылар мен тәрбиеленушілерге материалдық көмек көрсету жоспарланған. Бұл көмек келесі санаттағы балаларға – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің



шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға, білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына көрсетіледі.

Бұл ретте киім, аяқкиім, мектепке қажетті құралдарды сатып алу жергілікті бюджеттен 1 (бір) білім алушыға есептеліп бөлінген қаражат шегінде жүзеге асырылады. Көмек жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша бөлінген қаражаттың мүмкіндігіне қарай беріледі. Мысалы, бір балаға бөлінетін қаражат Нұр-Сұлтан қаласында – 40 мың теңгені, Алматы қаласында – 35 мың теңгені, Шымкент қаласында 30 мың теңгені құрайды. Орта есеппен өңірлер бойынша бір балаға 27 мың теңге көлемінде бөлінеді.

Қазіргі уақытта Алматы қаласында әлеуметтік қорғалмаған және аз қамтылған отба-

сылардан шыққан 800 млн. теңгеден астам бюджет қаражатынан 23 мыңнан астам оқушыға көмек көрсетілді. Сонымен қатар, «Мектепке жол» акциясы аясында демеушілер есебінен 9022 оқушыға 123 млн. 399 мың теңге көлемінде көмек көрсетілді. Оның ішінде 297 бірінші сынып оқушысына 32 млн. 583 мың теңгеге мектеп формасы, 721 бірінші сынып оқушысына 19 млн. 110 мың теңге сомасына рюкзактар мен мектеп керек-жарақтары, 2-ден 11-сыныпқа дейінгі 6278 оқушыға 71 млн. 706 мың теңгеге киім және оқу-жазу құралдары сатып алынды.

Балаларға мектепке дайындалуға көмек көрсеткісі келетіндер тұрғылықты жері бойынша білім бөліміне немесе тікелей білім беру ұйымына хабарласа алады.

Сонымен бірге, «Мектепке жол» акциясы аясында «Nur Otan» партиясының Алматы қалалық филиалы да қайырымдылық шарасын өткізді. «Бұл акция 2008 жылдан бастап еліміздің барлық өңірлерінде жыл сайын өткізіліп келеді. Оның бастамашысы Елбасы, партия көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев. Биылғы жыл біз үшін де оңай болмады, сондықтан да әлеуметтік осал санаттағы алматылық оқушыларға қоғам және партия белсенділері мен меценаттарды тарта отырып жәрдем жасадық», – деді партияның Алматы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қайрат Бисембаев.

Биылғы қайырымдылық акциясы «Nur Otan» партиясының белсенділері мен қалалық мәслихат депутаттарының қолдауымен өтті. Партияның қалалық филиалы мектепке қажетті құралмен жабдықталған 3000-ға жуық сөмке алматылық оқушыларға табыстады.

Осы орайда меценат, қаланың белсенді тұрғыны, мәслихат депутаты Ерболат Қасымов 100-ден астам отбасыға мектеп құралдарын, отандық өндірушінің мектеп формасын сатып алуға сертификат беру туралы шешім қабылдады.

Жаңа оқу жылына арналған сыйлықтар тұрғындарға санитарлық ережелерді сақтай отырып, біртіндеп берілді.



ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

ҰРПАҚТЫҢ АМАНДЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

немесе қай елдер балаларға
екпе салуда?



Нұржамал
ӘЛШЕВА

COVID-19 жас немесе әлеуметтік орта, мемлекет не жер таңдап жатпайды, жолында кезіккенді шеңгеліне іліп әкете береді. Бұл індеттің беті жаман, арада қанша уақыт өтсе де, медицина мамандары мен ғалымдар күн-түн демей қаншама күш-қуат жұмсап жатса да, әлі де дес берер емес. Ал әзірге тосқауыл болатын жалғыз жол – вакцина болып тұр.

Бүгінде жаһандағы барлық елдің ересек тұрғындары коронавирусқа қарсы вакцинаны жаппай алып жатыр. Нәтиже де жоқ емес. Бірақ балалар мен жасөспірімдер де бұл індеттің тасымалдаушысы болып отыр. Сондықтан елдің бүтіндігі, халықтың амандығы, ұрпақтың денсаулығы үшін бірқатар мемлекет балаларға да коронавирусқа қарсы вакцина сала бастады.

Мәселен, Канада – 12 жастан асқан балаларға «Pfizer» вакцинасын салдыруға рұқсат берген алғашқы ел. Биылғы мамыр айының басында ата-аналарға баласын дәрігердің қабылдауына жаза алатындықтары туралы құлақтандыру айтылған болатын. Ал тамыздың ортасында 12–17 жас аралығындағы балалардың 58%-ы толықтай екпе алып үлгерген.

Франция билігі де балаларға екпе салу науқанын қолдайды. Осы жылдың маусым айынан бастап 12 жастан асқан балалардың бәріне «Pfizer» вакцинасын ұсына бастаған. Ол кезде ересек тұрғындарының шамамен 50%-ы толығымен вакциналанған болатын.

Сингапур, Гонконг, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Испания, Дания, Швейцария, Германия мемлекеттері де 12-ден асқан тұрғындарына вакцина салу туралы шешім шығарған.

Италия болса, 12-дегі және одан жоғары жастағы тұрғындары үшін екпе салу науқанын маусымда бастады. Жас итальяндықтар үшін «Pfizer» қолжетімді.

Австралия елінде коронавирусқа қарсы вакцинаны егу туралы жоспарында 16 жастан асқан барлық адамға салынуы тиіс делінген болатын. Ал бүгінгі таңда тек ауыр кеселдері бар 12 жастан 15-ке дейінгі балалар, NDIS қатысушылары, аборигендердің және Торрес бұғазы аралдары тұрғындарының немесе шалғай жатқан қауымдастықтардың балалары «Pfizer» вакцинасын салдыруға құқылы.

Қытай елінде қазіргі таңда балаларға «Sinopharm» және «Sinovac» екпелері қолжетімді. Кейбір дерек көздеріне сүйенсек, бұл мемлекетте екпе салуда бірқатар шектеулер бар. Дегенмен, кейбір өңірлерінде 12 жастағы және одан жоғары балалар екпе алууда.

Үндістан келесі айдан бастап 12 жастан асқан балаларға екпе салуы мүмкін. Өздерінде шығарылған «ZuCoV-D» екпесін қолдануды көздеп отырған сынайлы.

Израиль билігі 12–15 жас аралығындағы балаларға «Pfizer» вакцинасын ектіруге маусымда рұқсат еткен. Алғашқы кезде COVID-19 жұқтырған, аса ауыр жағдайда сырқаттанған балаларға салынған. Алайда, індет мектептерде өрши бастаған соң, олардың бәріне екпе салдыруды ұсынды. Енді денсаулығына байланысты проблемалары бар немесе КВИ жұқтырған 5–11 жастағы балаларға да екпе салдырады.

АҚШ та «Pfizer» вакцинасын 12 жастан асқан балаларға қолжетімді етті. Қазіргі уақытта 12 жасқа дейінгі балаларға COVID вакциналарының («Pfizer» мен «Новавакс») қауіпсіздігі мен тиімділігін тексеру үшін сынақтар жүргізілуде. Бұл кезеңде ауруларды бақылау және алдын алу орталықтары (АҚШ-тың ұлттық денсаулық сақтау агенттігі) 2 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға қоғамдық орындарда бетперде тағып жүруді ұсынады.

Оңтүстік Корея елінде «Pfizer» 16 жастан асқан балаларға, ал «Moderna» 18 жастан асқандарға арналған. Осы кезеңде Оңтүстік Корея биыл 12–15 жас аралығындағы тұрғындарына вакцина ұсынбайды. Жергілікті дәрігерлердің айтуынша, балаларға КВИ-ге қарсы екпе салу келесі жылы енгізілуі мүмкін.

Тамыз айының басында Англия мен Шотландияда 16-17 жастағы балаларға «Pfizer» вакцинациясына жазылуға рұқсат етілді. Соңғы кеңес сонымен қатар иммунитеті төмен ересектермен бірге тұратын жас балаларды осы вакцинаны алуға шақырған.

Норвегия билігі COVID-19-дан 12–15 жас аралығындағы жасөспірімдерді вакциналауды енді жоспарлап отыр. Көрші Ресей балаларға егуді бастаған жоқ, әлі сынақ өткізуде. Ал Куба 2–18 жас аралығындағы балаларға өздерінің «Соберана-2» вакцинасын сала бастады.

Чили билігі болса, жасы 6-дан асқан балаларға Қытайдың «Коронавак» вакцинасын салуды бастайды. Чилиде қазірге дейін ересек тұрғындардың 75%-ына вакцина салып үлгерген. «Синовак» екпесі сыналған зерттеуге 3–17 жас аралығындағы 4 мың бала қатысқан.

#ЕКПЕАЛ!

«Мен екпе алдым!»



Алма ЕСҚОЖАЕВА,
қала тұрғыны:

– Күні кеше екпенің бірінші компонентін алдым. Ешқандай тәнді ауыртатындай әсерін байқаған жоқпын. Израиль, АҚШ, Ұлыбритания сияқты өркениетті елдердің көбі вакцина алуда алға шығып жатыр. Отандастарымды вакцина алуға шақырамын. Өткен ғасырлардың басында да осындай індет тараған кездер болған. Соның бәрін адамзат әртүрлі вакциналарды ойлап тауып, жеңіп отырған. Менің ұғымымда пандемия кезінде ұлтты, мемлекетті сақтаудың бірден-бір жолы – вакцина алу. Өзім бір жыл бұрын осы коронавируспен қатты ауырып, жазылғанмын. Сондықтан биыл екінші рет қайталанбауы үшін екпе салдырдым.

Зарина РАХМЕТОЛЛА,
мұғалім:



– Өздігімнен таңдау жасап, вакцина аламын деген шешімге келдім. Денсаулық керек, күтіну керек. Айналамызға да біздің қауіпсіз болғанымыз қажет. Әрбір іске сын айтпас бұрын бірінші өзінді түзеу керек қой. Отбасы мүшелерінің арасында ең бірінші мен бастап тұрмын. Мамандардан кеңес алдым, бәрін түсіндірді. Екпе алып, ұжымдық иммунитет қалыптастыратын болсақ, қатерлі індеттен халық болып құтыларымыз анық. Өзіміздің жақындарымыздың денсаулығы үшін екпе ектірейік, карантиндік талаптарды қатаң қадағалайық.

Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

БРИФИНГ

Емхана ауыстыра аласыз



Айнұр
НҮРСАБЕТ

Келесі аптадан бастап елімізде халықты емханаға тіркеу науқаны басталады. Жыл сайын өткізілетін дәстүрлі кампания 15 қыркүйектен 15 қарашаға дейін, екі айға созылады. Бұл туралы кеше өткен брифингте хабарланды.

Бұл жолы алматылықтар 73 бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымына тіркелуге мүмкіндік алмақ. Оның ішінде 40 емхана – мемлекеттік, 33-і жекеменшік клиника.

«Тіркеу науқаны кезінде азаматтар өзі тұратын аумақ шеңберіндегі мемлекеттік қана емес, жекеменшік клиникаларға да тіркеле алады. Тек жекеменшік клиникалардың Медициналық сақтандыру қорымен келісім-шарты болуы керек», – дейді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы қалалық филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев.

Спикердің айтуынша, биылғы науқан барысында емхана ауыстырған азаматтар өзі таңдаған емдеу мекемесінің қызметін 2022 жылдан бастап пайдалана алады. Жалпы, емхана ауыстыру барлық адамға міндетті емес. Өзі тіркелген емхананың қызметіне көңілі толатын азаматтар әрі қарай да бұрынғы клиниканың қызметін пайдалана беруіне болады.

Емхана өзі қызмет көрсететін аймақтан тыс жерде тұратын азаматтарды, сондай-ақ, бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін мекеме жүктемесі шектен асып кеткен жағдайда тіркеуден бас тартуы мүмкін.



Қолданыстағы нормативтерге сәйкес, учаскедегі жалпы практика дәрігеріне тіркелгендер саны 1700-ден аспауы тиіс.

Биыл емханаларға тіркеу тәртібіне аздап өзгерістер енгізілді. Бұдан былай Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден келген еңбек мигранттары емханаға тіркелу үшін ерікті медициналық сақтандыру полисін сатып алуы тиіс. Олар тіркелу үшін емхананың тіркеу бөліміне барып өтініш жазады.

Тіркеу науқанына Қордың мәліметтер базасына енген емдеу мекемелері ғана қатысады. Олардың толық тізімімен МСҚ www.fms.kz ресми сайты арқылы танысуға болады.

Филиал директоры Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша, алматылықтар Медициналық сақтандыру қорына 139 млрд. теңгеден астам жарна аударған.

Елімізде МӘМС жүйесі енгізілген

уақыттан бастап Медициналық сақтандыру қорына 753,4 млрд. теңге түсті. Жалпы жарнадан жиналған соманың бестен бір бөлігі мегаполиске тиесілі. Жүйе іске қосылғаннан бері, яғни 2017 жылдың 1 шілдесінен 2021 жылдың 31 тамызына дейінгі аралықта Алматы қаласынан 139 млрд. теңгеден астам жарна аударылды. Оның 97,8 млрд. теңгеден астамы – жұмыс берушілердің жасаған аударымдары. Қалған 41,2 млрд. теңге – жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісім-шарт бойынша еңбек ететіндердің жарнасы.

Қазіргі таңда қала тұрғындары үшін БЖТ көлемі 2917 теңгеге тең, оның 40% немесе 1166 теңгесі МӘМС жарнасына жұмсалады. 2019 жыл басынан бері Алматы қаласы бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтыған 202 мыңнан астам адам 524,6 млн. теңге көлемінде бірыңғай жиынтық төлем төлеген.

КВИ-ДЕРЕК



• Алматыда коронавирус жұқтырған, өкпесінің 75%-дан астам бөлігі зақымданған 40 жастағы әйелге шұғыл түрде ота жасалып, сәтті өтті.
• Біздің «QazVac» вакцинасына швейцариялықтар қызығушылық танытуда.
• Қырғыз бауырларымыз коронавирусқа қарсы өз вакцинасын шығаруды көздеп отыр.
• Ресей ғалымдары коронавирусты 27 минут ішінде анықтайтын құрал ойлап тапты. Ол изотермиялық амплификация әдісі негізінде жұмыс істейді.

• АҚШ-та вакцина салғызбағандар арасында науқастар көбейді.
• Коронавирустың «мю» атты жаңа штамы пайда болды. Ол әлемнің 40-қа жуық еліне тараған.
• Чехия тұрғындарының 75%-ы вакцина салдырғанда ғана жұрт жаппай бетпердесіз жүре алады. Әзірге бұл елде коронавирусқа қарсы екпені халықтың тек 54,2%-ы алған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КЕРЕК КЕҢЕС

Кварц шамы

Кварц шамының көбіне ауруханаларда, балабақшаларда болатынын білеміз. Белгілі бір уақытқа ток көзіне қосылатын бұл зат, нақтырақ айтқанда, одан бөлінетін ультракүлгін сәулелер бөлмедегі бактериялар мен микробтарды жойып, дезинфекциялайды.

Кварц шамы – толқынды ұзындығы 205-тен 315 нм.-ге дейінгі ультракүлгін сәулелер көзі. Сәулелердің ұзақ уақыт әсер етуі бактериялардың, вирустардың және басқа да микроорганизмдердің жасушалық құрылымын бұзып, көзін жоя-



ды. Сондықтан ол медициналық мекемелерде міндетті түрде қолданылады.

Ал COVID-19 бас көтеріп, пандемия басталғалы

кварц шамдары түрлі кәсіпорын-мекеме ғимараттарына да орнатыла бастады. Жалпы, бұл шам коронавирус инфекциясымен күресуге қаншалықты қауқарлы? Бұл

шам бізді коронавирустан қорғай ма? Жоқ, әрине. Егер кварц шамы біздің ағзамызды барлық вирустан ада етуге қауқарлы болса, бізге өмір сүру әлдеқайда жеңіл болар еді ғой. Бірақ ол ковид вирусы орнығып жатқан жерді зарарсыздандырады.

Кварц шамын бөлменің ортасына немесе сәулелер барлық затқа мүмкіндігінше кеңінен тарайтын жерге қойған дұрыс. Үй-жайды кварцтау 30–40 минутқа созылады. Бөлмеде ешкімнің болмағаны жөн. Кварц шамын ток көзінен ажыратқан соң, үй-жайды 5–7 минут желдетіп алу керек. Бөлмені күніне кемінде екі рет кварцтаған дұрыс.

Нұр ЖАМАЛ.



Нұржұман
ЫҚТЫМБАЕВ,
Қазақстанның
Халық өртісі:



Үмітіміз арта түсті

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында мәдениет саласына ерекше көңіл бөлді. Президенттің Жолдауы болады деген хабарды естіген соң бүкіл жұмыстарымды тоқтатып, Жолдауды жақсылап тыңдап, көріп шықтым. Маған ұнады.

Қасым-Жомарт Кемелұлы барлық бағыттарды қамтып, бүкіл түйткілді мәселелерді көтерді. Ең кереметі – ғылым мен мәдениет туралы айтқаны. Әсіресе, мәдениет саласы бойынша басып-басып айтты. Түсінетін адамға сол да жеткілікті.

Мемлекет басшысы елде болып жатқан бүкіл өзгерістер мен құбылыстардан хабардар екен. Президент өз Жолдауында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының алдағы жылға арналған басым мақсаттарын да жария етті. Риза болдым. Осындай жағдайдан кейін болашаққа деген сенім, үміт арта түсері анық.

Раушан САРТАЕВА,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының Алматы қаласы бойынша бас ғылыми қызметкері, философия ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор:



Кең ауқымды мәселелер қамтылды

1 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысын өткізіп, Қазақстан халқына үшінші Жолдауын жеткізді. Ел Президенті өз Жолдауында Қазақстанның 2025 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуының басым мақсаттары туралы және тиісті Дамудың Жол картасы әзірленетінін баса айтты.

Жолдауда елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының кең ауқымды мәселелері ұсынылды. Олардың ішіндегі мынадай басым мақсаттарды атап өткім келеді: цифрландыру, саяси модернизация, ұлттық және діни принциптерге негізделген кемсітушілік, экология, энергияның жаңа түрлері, кері байланыс принципі.

Қазақстанның саяси элитасы елдің жоғарғы басшылығы деңгейінде қазіргі өркениеттік дамудың барлық ағымдық бағыттары мен міндеттерінің маңыздылығын жіті түсінеді. Сондықтан Жолдауда

елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды мақсаттарының бірі ретінде цифрландыру үдерісін жеделдету, терең цифрландыру қажеттілігі аталып өтті.

Осылайша Мемлекет басшысы «Көршілес мемлекеттерге қызмет көрсетуі тиіс қазіргі заманғы деректерді өңдеу орталықтарын құру қажет. Қазақстан цифрлық хабқа айналуы керек», – дей келе, ең маңыздысы: «Квзимемлекеттік сектордың цифрлық қажеттіліктері мен сұраныстарын отандық компаниялар қанағаттандыруы тиіс» екенін баса айтты.

Жолдауда басты назар аударылған «терең цифрландыру» мәселесі бойынша заманауи цифрлық технологиялардың трансферті, Индустрия 4.0 элементтерін енгізу және отандық IT-секторды нығайту мен жетілдіру маңызды болып табылады. Сондықтан Президентіміз айтып өткендей: «Бұл және басқа да міндеттер мемлекеттік секторды цифрлық қайта жүктеуді қажет етеді».

Ел Президенті өз Жолдауында Қазақстан халқының көп ұлтты және көп конфессиялы құрамын ескере отырып, өте маңызды болып табылатын ұлттық және діни принциптерге негізделген кемсітушілік мәселелеріне назар аударды. Бұл мәселені шешу үшін халықтың бірлігі үлкен маңызға ие екені айтылды.

Жолдауда экологиялық проблемаларға да назар аударылды. Олардың маңыздылығы, екіншіше орай, қоғамдық сана деңгейінде жеткілікті түрде баяндалмаған. Шынында да, қазіргі заманғы өркениеттік дамудың құрамдас ерекшеліктерінің бірі – экологиялық мәселелердің түпкілікті өзектілігі, олар қазіргі заманғы әлемдік дамудың тұтыну векторына айналуы (қазіргі саяси элитаның көзқарасы бойынша). Бұл – дамуды шектейтін және мәнді сипатқа ие болған фактор. Өз кезегінде экологиялық проблемалар экологиялық таза энергия мәселесімен тығыз байланысты. Ол бүгінде «бейбіт атомдық энергияны» және сутегі энергиясын қамтиды. Біз үшін негізінен, көмірсутек шикізатының экспортымен өмір сүретін ел ретінде (ұзақ мерзімді перспективада шығатын энергия көзі) энергияның жаңа түрлерін өндіру өмірлік маңызы бар мәселеге айналды.

Жалпы, Жолдауға көтерілген басым мақсаттардың орындалуы биліктің барлық тармақтарының толыққанды, жауапты, ашық жұмысын талап етеді. Бұл негізгі демократиялық қағида – селективтілік пен есептілік шынайы түрде жүзеге асырылуы тиіс дегенді білдіреді. Кері байланыс принципі толық жұмыс істеуі қажет, яғни әрбір азамат мемлекеттік органдардың жұмысының сапасын бағалап қана қоймай, сонымен қатар оның бағалауы жауапсыз қалмауы керек.



Кенжехан МАТЫЖАНОВ,
М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер
институтының Бас
директоры:

Әл-ауқатымызды жақсартуды көздейді

Қазақстан Республикасы Президентінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» деп аталатын биылғы Жолдауы 7 тараудан тұрады. Әр тарауда ел экономикасының пандемия жылдарындағы жағдайы мен жұртымыздың әлеуметтік өміріндегі күрделі мәселелер сараланып, халықтың әл-ауқатын арттыруға байланысты басым бағыттар анықталған. Солардың ішінде біздің кәсіби бағдарымызға қатысты бірер мәселені бөліп айтқанды жөн көріп отырмын.

Қай заманда болмасын қоғамды алдыға сүйрейтін күдіретті күш – білім мен ғылым. Еліміздегі бұл саланың ахуалына айтылатын сын да, мін де толастаған емес. Сондықтан Мемлекет басшысы білім мен ғылым саласына арнайы тоқталып, өзінің сындарлы көзқарасын ашық білдірді. Ең алдымен, білім саласы қызметкерлерінің жалақысы келесі жыл басынан бастап тағы да 25 пайызға өсетін болды. Алдағы 3 жылға осы мақсатқа 1,2 триллион теңге жұмсалды екен. Тағы да деп отырғанымыз, ұстаздардың әл-ауқатын жақсартуға арналған бұған дейін де біршама шаралар қабылданған болатын. Демек, ұстаздар мәртебесін көтеруге байланысты басталған игі бастамалар іс жүзінде жүйелі жолға қойылды деп айтуға болады. Соның нәтижесі болар, педагогикалық мамандықты таңдаушы жастардың қарасы жыл сайын көбейіп келеді екен.

Республика мектептеріндегі орын тапшылығы мәселесін жою үшін Мемлекет басшысы 2025 жылға дейін өңірлерде 800 мектеп салу жөніндегі бұрынғы тапсырмасын 1000-ға жеткізуді міндеттеді. Бұл дегеніміз, аталған мерзімде еліміздегі апатты жағдайда тұрған мектептерді жаңа мектептермен ауыстырып, үш ауысымды оқыту жүйесін түбірінен жоюға қол жеткізеді деген сөз. Ауыл мектептерін бала санына қарай қаржыландыруға көшіру де – оң нәтижеге жеткізетін бастама.

Президент оқушыларды кәсіби мамандыққа баулу мәселесіне де жіті көңіл бөліп, «Тегін техникалық және кәсіби білім беру» жобасын жүзеге асыруды тапсырды. Қазір республика көлемінде 237 мың жас қыз-жігіттердің кәсіп те игермей, оқу да оқымай бос жүргендігі мәлім болды. Олардың басым көпшілігі шалғайдағы ауылдардың тұрмысы төмен отбасыларынан. Міне, осы келеңсіздікті жою үшін Президент «сұранысқа ие барлық мамандық бойынша техникалық және кәсіби білім жүз пайыз тегін берілуі керек» екендігін міндеттеді. Ондай білімді армия қатарында жүргенде де беруге болатындығын еске салды.

Пандемия кезінде қашықтан оқытуды ұйымдастыруда телекоммуникация желілерінің әлсіздігін сынға алып, Үкіметке қашықтан білім беруге қажетті ақпараттық жүйенің сапасын жақсартумен мықтап айналысуды тапсырды. Ұстаздардың да білім-білігін заман талабына лайық оқтын-оқтын жоғарылатып отыру үшін оларды бұрынғыдай 5 жылда емес, 3 жыл сайын қайта даярлаудан өткізіп отырудың дұрыстығын мензеді. Бұл – мұғалімдердің жаңа білім мазмұнын, оқытудың тың технологияларын игеруіне тың серпін әкелуі тиіс.



Серік СЕЙДУМАНОВ,
Философия, саясаттану және дінтану
институтының Бас директоры, профессор:

Жолымыз айқын, бағытымыз түзу

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтылған негізгі тезистердің бәрі өзекті. Олардың мазмұндық бөлігінде Мемлекет басшысының елдегі ахуалға аландаушылығы аңғарылды және ықтимал қатерлерді жою бойынша бірінші кезектегі іс-шаралар ұсынылды.

Иә, бұл Жолдаудың қоғам үшін маңызды зор. Басты мәселе – Қазақстанның тұрақтылығын сақтап, елдің амандығы мен денсаулығын қамтамасыз ете отырып, ілгері дамуына негізделген стратегиялық құжатта көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру. Бұл – еліміздің әлеуметтік, экономикалық, рухани, өңірлерді дамыту, ауыл шаруашылық мәселелеріне қатысты барлық саланы қамтыған салмақты құжат. Болашақта жағдай қалай болады, таяу жылдары нендей іс-шараларды іске асырамыз, айтамыз, 2025 жылға дейін қандай өзгерістер болады, соның бәрін зерделеген Жолдау бұл. Қазір заман өзгерді, тіпті, мына пандемия індетінен бастап қоғам жаңа бағытқа бет бұра бастады. Ендігі жерде Қазақстанның әлеуеті қаншалықты, экономикалық, тұрмыстық жағдайы қандай, алдағы уақытта қандай мәселелерге ерекше назар аударуы тиіс деген жалпы сұрақ өз алдына, бұл Жолдауда маңызды да өзекті,

түйткілді жәйттер нақтыланып отыр.

Жолдаудан айтылған тезистердің жүзеге асуын назарға ала отырып, Философия, саясаттану және дінтану институты қызметкерлерінің ұжымы да отыз жыл бұрын Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев іргесін қалаған Тәуелсіз Қазақстанның одан әрі жасампаз дамуы бағытын қолдайды.

Мемлекет басшысының айтуынша, алдағы мақсаттарды іске асыру үшін әлемді жайлаған індеттің таралуы кезеңінде инфрақұрылымды жедел қалпына келтіріп, ресурстарды вируспен тиімді күресуге бағыттай алған ұлттық денсаулық сақтау жүйесін трансформациялау проблемасына тиісті назар аудару қажет. Жолдаудың келесі тармағында қашықтан оқытудың жаңа жағдайларына білім беру жүйесін бейімдеу процесі жалғасатын бағыттарды сенімді түрде ұсынады. Бұл тұрғыда қызмет сапасы мен білім беру процесі мектеп пен студенттік аудиторияның барлық деңгейлерін қолжетімді ресурстармен қамтуға, жаңа форматтағы жұмысқа дайындауға мүмкіндік беретін біріктар нормативтік-құқықтық актілермен қамтамасыз етілуі тиіс. Бөлінетін мемлекеттік қаражатқа нақты мониторинг жүргізу – осы бағыт бойынша белгіленген міндеттерді табысты бастау мен іске асырудың кепілі.

Мемлекет басшысының пікірінше, Жолдауда айтылған өңірлік сая-

сатты жетілдіру мәселелерін шешуге мемлекеттік аппараттың күш-жігері бағытталуы тиіс. Сайланған ауыл әкімдерінің институттары арқылы халықтың жергілікті мүдделерін ескерудің жаңа жүйелі деңгейлерін менгеру және өңірлердің бюджеттік мүмкіндіктерін олардың сайлау алдындағы бағдарламаларын жүзеге асыру міндеті тұр.

Еліміз үшін Жолдауда атап көрсетілген ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз екені сөзсіз. Мемлекет басшысы атап көрсеткеніндей, осы саладағы түйткілдердің шешімін табу үшін заңнамаға өзгерістер енгізу қажеттігі көптің көңілінен шықты. Ең алдымен, жетекші ғылымдарымызға тұрақты және өз еңбегіне лайықты жалақы төлеу мәселесі шешілсе, ғылымға бөлінетін базалық қаражат есебінен қамтамасыз етілсе, ғылымның дами түсеріне күмән жоқ.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мырза тарапынан қызу қолдау тауып, жедел түрде «Қазақстан» ұлттық арнасына бір сағат бойы кең көлемде сұхбат беруі біздер үшін өте маңызды болды. Ашық алаң мінберінде тік тұрып еліміздегі білім беру мен ғылымды дамыту саласына қатысты көкейкесті ойларын ортаға салуы ғылымға деген қызығушылық танытқан барша азаматтың көңілінен шықты.

Жолдауда атап көрсетілген қоғамдық қызметті мемлекеттік реттеу мәселелері саласындағы зерттеулер, ғылыми талдау және ұсынымдар әзірлеу ерекше маңызға ие. Саяси және конституциялық жүйелердегі азаматтық институттар мен бейресми қоғамдық көшбасшылардың орны, мемлекеттің негізгі реттеуші функцияларының сапасыз жұмыс істеуі, сын сәттерде тиімсіз мемлекеттік басқарудың салдарынан тұрақсыздық факторлары орын алмауы тиіс.



● АЛҒЫС

Рахмет Сізге, дәрігер!

Біраз уақыттан бері көзімнің көруі нашарлай бастады. Кәрілік те келді ғой әрі мына індет кезеңінде ешкімді мазаламай-ақ қояйын деп жүре бердім. Кейіннен өзім тіркелген емхананың дәрігері В.Крайнова денсаулыққа бей-жай қарауға болмайтынын айтып, Көз аурулары институтына баруыма кеңес берді.

Осылайша айтылған жерге кезекке тұрып, ақысыз ота жасаттым. Менімен бірге дәрігердің көмегіне жүгінген Жұпар Меделбаеваның жанары да жарқырап шыға келді. Емделіп шыққандардың барлығы дерлік көзімізге ота жасаған жас дәрігер Қырықбаев Дайан Рахметоллаұлына, сондай-ақ бөлім меңгерушісі Жүргімбаева Гүлнара Қойройқызына шексіз алғысымызды білдіргіміз келеді. Себебі, ұжымдарында тәртіп темірдей орнатылған, бөлмелер мұнтаздай таза, емделушілерге деген қамқорлық жоғары деңгейде сақталған.

Құрметпен,
Гүлсофия АБДРАХИМОВА.

● ӘРЕКЕТКЕ – БЕРЕКЕТ

Бұйырған ешқайда кетпейді

Бүгінде жоғалған затынды табу некен-саяқ. Сондықтан жұртшылық көп жағдайда қолды болған бұйымын іздегенді қойған. «Бәрібір табылмайды» деген оймен, тіпті полицияға арызданбайды.

Шынында да, «жоғалған заты табылыпты» дегенді әдетте ести қоймаймыз. Ұрлық-қарлық жиі жасалатын мына заманда көп қылмыстың беті ашылмаған соң адам бойкүйезденетіні рас енді. Десек те, біз әдетте қалыптасып қалған пікірге құлақ асып, көптің айтқанымен жүре береді екенбіз. Сөзім дәлелді болу үшін таяуда басымнан өткен оқиғамды «Almaty aqshamy» газетінің оқырмандарына айтып бергенді жөн көрдім. Бәлкім, сабақ болар.

Жас ұлғайған сайын адам ұмытшақ келетіні белгілі. Пайғамбар жасынан асқанда үлкен ұлым Мейрамбек қарсылық танытқаныма қарамастан, туған күніме «Айфон-12» телефонын сыйлады. Кім білген, әлгі телефонның құны да қомақты екен. «Балам, әуре болма, үлкен кісіге қымбат телефон қажет емес. Байланысқа қарапайым телефон ыңғайлы ғой» дегенімде: «Анашым, сізге жасаған сыйлығым» болсын деді.

Содан не керек, сол айфоным «сіздерге – өтірік, маған – шын», екі рет жоғалып, екі рет табылды. «Бұйырған кетпейді» деген осы екен ғой. Алғашында таксиде ұмыттым. Абырой болғанда, тапсырыспен келген такси еді, балаларым көліктің нөмірі арқылы іздеп тапты. Екінші жағдайда телефонымды «Ақбұлақ» базарында, сауда жасаған жерімде қалдырып кеттім. Анығында, сөмкемді ұмытып кеткенім ғой. Үйге, «Думан» ықшамауданына жеткенше арада біраз уақыт өткен.

Бұл кезде базар атаулы жабыла бастайды. Телефонға қоңырау шалсақ, ешкім көтермейді. Содан не болса да таңертең көрейік деп, бір Аллаға тапсырып, сабыр сақтадық. Ертесі келінімді ертіп алып, «Ақбұлаққа» қайта бардық. Сауда жасаған жерімді іздеп жүріп, «осы базарда күзет қызметі болмаушы ма еді? Мүмкін оларда камера бар шығар?» деген ой келе қалғаны бар емес пе? Дерек күзет қызметін іздедік.

Көп ұзамай оларды тауып алып, болған оқиғаны айтып, өтініш жасадық. Сөйтсек, базарда мобильді топ жұмыс істейді екен. «Қазір апай, телефоныңызға қоңырау барып тұр, алыста емес, осы маңайда сияқты», – деп жас жігіттер жүгіріп кетті. Қолдарындағы мен түсіне бермейтін аспаппен, яғни оған бағдарлама арқылы кіріп, телефонның қай жерде қалғанын анықтады. Барсақ сауда иесі: «қоңырауды естімедім» дегеннен басқа ештеңе айтпады. Мен әлгі жерде мобильді топ мүшелері Алатау ауданы ЖПҚБ полиция капитаны Нұрсейітов Шыңғысқа, «Глобус» ЖШС күзет қызметкері Құрманғазы Тұрарға және аға диспетчер Сәбитқан Медетке аналық алғысымды айтып, батамды бердім.

Мен телефонымды тауып, риза болып кетіп бара жатқаныма, тағы бір тұтынушы затын ұрлап алғаны жайында арыз айтып келді. Әлгі мамандар одан болған оқиғаны егжей-тегжей сұрап алып жатты. Демек, қандай да бір затыңызды жоғалтсаңыз, не болмаса ол қолды болса, «бәрібір таппайды» деп селкостық танытпау керек екен. «Әрекетке – берекет» деген осы. Іздеп, ізденіп көріңіз. Полиция, күзет мамандарының арқасында бәлкім табылып қалар. Өйткені, бұйырған ешқайда кетпейді. Мамандар соны маған тағы бір мәрте дәлелдеді.

Бағира ҚҰТЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы.

ТҰРҒЫНДАР НЕГЕ НАРАЗЫ?

Шаһар аудандары әкімдерінің назарына!

● ӘУЕЗОВ АУДАНЫ



ЖАЯУ ЖҮРГІНШІ ЖОЛЫ НЕГЕ ЖОҚ?

«Мамыр-4» ықшамауданындағы №202 және №173 мектептер бір көшенің бойында қарама-қарсы орналасқан. Оқушылар мектепке барғалы бері әсіресе, таңертең бұл жерде адам қарасы көбейеді. Ол аздай, бұл жолмен төрт бағытта көліктер жүреді.

Бізді алаңдататыны, оқушылар мектепке бару үшін осы жолдардан өтетіні. Яғни бір емес екі мектеп орналасқан, оқушы да, ата-ана да, көлік те көп жүретін көше аумағында неге қауіпсіздік шараларын сақтауға бағытталған бірде-бір жол белгілері жоқ.

Мектеп басшылығы да, жол қауіпсіздігіне жауапты мамандар да бұл олқылыққа көз жұма қарап отырғаны несі? «Басы ауырмағанның Алламен ісі жоқ» деген осы шығар... Сабақ басталғалы бері «балаларымыз үйге аман-есен келсе екен» деп жанымызды шүберекке түйіп отыратын болдық.

Бізге балаларымыздың қауіпсіздігі үшін шұғыл арада жаяу жүргінші жолы керек. Дәл осы өтінішімізді біз оқу жылы басталмай тұрып та айтқанбыз. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» болу үшін біз тағы не істеуіміз керек?!

● АЛМАЛЫ АУДАНЫ

ЖАРАҚАТТАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ

Қала тұрғындарының жайлы өмір сүруі үшін Алматыда барлық жағдай жасалған. Тіпті, далада серуен құрғыңыз келсе де жайлы орындар жетіп-артылады. Арнайы демалыс аймақтарында Сіз балаларыңызбен алаңсыз сағаттап отыруыңызға болады. Бірақ олардың барлығы жарамды деп айта алмаймыз.

Мәселен, Панфилов көшесінің бойында орналасқан (Гоголь көшесінен Жібек жолы көшесіне дейінгі аралық) мына орындықтарға не болды деп ойлайсыз? Бірінің тақтайшасы сынған, екінші орындықтың тақтайшасы жерде жатыр. Біз неге ортақ мүлікке өз дүниеміздей қарай алмаймыз? Әлбетте, бұл көрініс тұрғындар арасында көше мәдениетінің әлі де толық қалыптасып үлгермегенін көрсетеді. Мына орындықтарды жылдам ретке келтірмесе, абайсызда сіз немесе сіздің жақыныңыз жарақаттанып қалуы әбден мүмкін.

● АЛАТАУ АУДАНЫ

Жылт етті де жоқ болды



КЕШЕ



БҮГІН

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

– Бұрындары шеткі аудандарда көшеде жүру қорқынышты еді. Әсіресе, кеш қарая мектептен қайтатын оқушыларға қиын болатын. Уақыт өте келе бұл олқылықтардың орны толып, шаһар басшысының тапсырмасымен көшемізге заманауи үлгідегі шамдар орнатылды.

Түніміз самаладай жап-жарық болғанда бөркімізді аспанға атып, қуанғанымыз да рас. Қуанышымызды көп көрді ме, әлгі жарқыраған шамдарымыз біраз уақыттан бері жанбай тұр.

«Томирис» ықшамауданындағы көшелер қазір тас қараңғы. «Халықтың тұрмысы жақсы» деген жалған ақпарат беруді қашан доғарамыз? Бұл шамдар есеп беру үшін ғана жана ма, сонда?.. Бәлкім, бұл шамдар әкім-қаралар келген кезде ғана жарқырап, қалған уақытта өшіп тұратын «үнемшіл» шамдар болар. Ол жағы әзірге белгісіз.

Ел игілігі үшін жұмыс істеуі тиіс дүниелер халық үшін қызмет етсе екен дейміз. Бізге қауіпсіздігіміз үшін түнгі жарық керек! – дейді алатаулық тұрғындар.

Бетті дайындаған
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



Әсел
ДАҒЖАН

Қазақ отбасыларының көпшілігінің үйіне барғанда ұқсас бір көрініске тап боласыз: Қонақ бөлмеде қол жете бермейтін биікте Құран кітабы тұрады. Кейбіреулер тіпті әдемі матамен қаптап қояды. Бұрындары үйдегілер «ойбай, ұстауға болмайды» деп қорқытатын еді әуелі. Бірақ неге екенін айтпағандықтан, көңілде «не үшін?» деген сұрақ тұратын. Құранды дәретсіз ұстауға болмайтынын кейін білдім. Ал оны үйдегілер ашып айтпаған, бәлкім, өздері де білмеді. Әйтеуір «қасиетті кітап, ойбай, жолама» дегенді ғана еститімін. «Судың да сұрауы болатыны» секілді, егер үйде Құран кітаптың арабиша түпнұсқасы тұрса, оны жылына кемі бір рет ашып, толық бастан-аяқ оқу керек екен. Яғни Құранның да өз ақысын беру қажет.

«Әлхамдулилла, мұсылманмын» деп өскен қазақтың баласымыз. Дегенмен, сіз бен біз Құран жайлы не білеміз? Бүгін аз-кем пайдалы болсын деп ақпарат ұсынуды жөн көрдік.

1. Құранды кім жіберді? Жаратушы Алла.
2. Құран кімге жіберілді? Алланың соңғы Елшісі – Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.).
3. Құран кім арқылы жіберілді? Жәбірейіл періште арқылы (Алланың сәлемі болсын).
4. Құран қай түні дүние аспанына түсірілді? Рамазан айындағы тағдыр түні – Қадір түнінде.
5. Құран алғаш рет Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) Жәбірейіл періште арқылы қайда жіберілді? Мекке маңындағы Хира үңгірінде.
6. Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) алғашқы аян неше жасында түсті? 40 жас.
7. Құран қанша жыл бойы түсірілді? 23 жыл.
10. Пайғамбар сахабаларынан кімдер Құранды жазып алған? Әбу Бәкір, Осман, Әли, Заид бин Харис, Абдулла бин Масуд (Алла оларға риза болсын).
11. Құран кімнің бұйрығы бойынша жаз-баша түрде құрастырылды?



ҚҰРАННЫҢ ДА ХАҚЫСЫ БАР

- Әбу Бәкірдің бұйрығымен (Алла оған риза болсын).
12. Кімнің кеңесі бойынша Әбу Бәкір Құранды біртұтас етіп жинауға шешім қабылдады?
 - Омар сахабаның кеңесімен (Алла оған риза болсын).
 13. Осман құрастырған Құранның қанша көшірмесі осы уақытқа дейін сақталған? Тек 2 көшірмесі ғана, біреуі Ташкентте, екіншісі Стамбулда сақтаулы тұр.
 14. Қандай сүрені «Құранның жүрегі» деп атайды? «Ясин» сүресі (36-сүре).
 15. Құрандағы ең ұзын сүре? «Әл-Бақара» сүресі (2-сүре).
 16. Құрандағы ең қысқа сүре? «Әл-Кәусар» сүресі (108-сүре).
 17. Құранда қанша жүз бар? Құран 30 жүзден тұрады.
 18. Құрандағы аят саны қанша? 6236 аят.
 19. Құранда қандай періштелердің есімдері аталған? 5 періштенің есімдері: 1) Жәбірейіл; 2) Микаил; 3) Харут; 4) Марут; 5) Малик.

20. Құранда қанша пайғамбардың аты айтылған? 25 пайғамбар.
21. Құранда қай пайғамбардың есімі жиі айтылады? Мұса пайғамбардың (а.с.) есімі – 136 рет.
22. Құранның өзінде Құран тағы басқа қалай аталған? Әл-Фурқан, әл-Китаб, әл-Зикр, әл-Нұр, әл-Худа деп аталады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Бір күні бір адам сахаба Әбу Бәкірге тіл тигізеді. Әзіреті Әбу Бәкір алғашында жауап қатпай, үндемейді. Қасында Пайғамбарымыз (с.а.с.) отырған еді. Ол таңданып, жымиып отырады. Бір кезде әлгі адам тілдеуін үдеткеннен кейін Әбу Бәкір қарсы жауап қатады. Сонда Алла елшісі ашуланып, орнынан тұрып кетіп қалады. Артынан қуып жеткен Әбу Бәкір: «Уа, Алла елшісі! Ол кісі сіздің қасыңызда мені тілдеп жатты, сіз отырдыңыз. Ал оның кейбір сөздеріне жауап қатқан едім, сіз ашуланып, тұрып кеттіңіз» деп себебін сұрайды. Сонда Алла елшісі: «Сен үндемеген сәтінде сенің жаныңда періште бар еді. Ол сенің орныңа жауап беріп жатты. Ал сен оның кейбір сөзіне қарсы жауап беріп едің, шайтан келді. Ал мен шайтанмен бір жерде отырмаймын», – деп түсіндірген екен.

БОЛЖАМ

Уақыт озып барады...

Соңғы бірнеше жылда Жер өз осінен тезірек айналууда. Ғалымдар мұның нақты себебін анықтай алмай отыр. Егер бұл үрдіс жалғаса берсе, дүниежүзілік уақыттан бір секундты шегеруге тура келеді деп отыр мамандар.

Заманауи технологиялар планетаның айналу жылдамдығын миллисекундқа дейінгі дәлдікпен өлшеуге мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, XVIII ғасырдан бастап ол біртіндеп төмендеген. Күннің ұзақтығы бір ғасырда 1,2 миллисекундқа өскен.

Бірақ 2016 жылдан бастап жердің айналу жылдамдығы өсе бастады. Осы уақыттан бастап күн үш миллисекундқа дейін қысқарған.

Жердің айналу жылдамдығын бақылау 1962 жылдан бастап жүргізіліп келеді. 1967 жылы ғалымдар дүниежүзілік үйлестірілген уақытты (UTC) салыстыратын

Атом сағаттарын іске қосты. Осы уақыт ішінде мамандар планетарлық уақытты бірнеше рет реттеп, секундтар қосқан (соңғы рет бұл 2016 жылы жүргізілді).

Бұрын атом сағаттары планетарлық уақыттан сәл озып кететін, бірақ қазір олар іс жүзінде бірдей жүруде. Биылғы жыл (планетаның 365 айналымы) бақылау тарихындағы ең қысқа жыл болуы мүмкін. Егер бұл үрдіс жалғаса берер болса, онда 2026 жылға қарай көрсеткіштердің алшақтығы ұлғайып, ғалымдар бір күннен бір секундты азайтуға мәжбүр болады.

Уақыттың жылдам өтуіне байланысты Алла Елшісінің (с.а.с.) ақырзаман – уақыт қысқартылғанға дейін келмейді дейді. Жыл ай сияқты болады, ай апта сияқты болады, апта күн сияқты қысқарады, күн сағат сияқты болады, ал сағат коқыстың бықсу уақытына ұқсас болады делінген.

ӨЗ СӨЗІМ ӨЗІМДІКІ

Әркім өз өміріне өзі жауапты

Еліміздегі қандай да бір саяси, әлеуметтік мәселе, небір жағдай бола қалса, «ойбай, фейсбук шулап жатыр» дегенді естиміз. Содан-ақ түсіне беріңіз. Фейсбукті ашып қалсаңыз болды, бұрқ еткен эмоцияны көресіз. Мейлі, ол позитив, мейлі ол негатив. Бірақ көп жағдайда біреуді жерден алып, жерге салып, талап-түтіп жеп жатады. Өзіміз кереметпіз, өзгелердің бәрі ақымақ секілді әсер қалдырады.

Мұндай жағдай, яғни небір негатив сөздер мен пікірлер көбінесе саяси тұлғалар мен ел алдында жүрген өнер адамдары, жұлдыздарға қатысты айтылып жатады. Бір кездері сөзге тоқтаған халықтың ұрпағы бүгінде бір-бірімізді сөзбен даттап, қаралап, барсакелмеске апарып жатамыз. Бәлкім, мен тек жақсы болсын деген ниетпен айтамын дейтін шығарсыз. Бірақ біз өзге адамға зиян тигіземіз десек, тілдің өзі жетіп жатыр екен. Бәлкім,

сол үшін де «он күнәнің тоғызы тілден» деп бекер айтылмаса керек.

Ең қызығы, біз даттап, жамандайтын адамдар да өзіміз сияқты пенде екенін, олардың да қателесуге құқығы барын ұмытып кететін секілдіміз. Тіпті, біз сол адамдардың жанында жүргендей, солардың өмірін бір кісідей жақсы білетіндей кінәлап жатамыз.

Бұл жерде фейсбукте мынадай уақытта мынадай негатив пікір айтылды деп нақты мысалмен көрсетпей отырғанымыздың да себебі бар. Яғни әрбір негатив нәрсе адамның энергиясын ғана алып қоймайды, оның назарын да сол негативке қарай бұрып жібереді. Оның соңы ғайбатқа ұласып, ол ешкімге абырой әкелмейді. Тек айтқымыз келгені, біз ел алдында жүрген адамдардың бәрінен идеал жасап аламыз да, «олар қателеспей керек» деген өзіміз іштей тұжырым жасап алғандаймыз. Сол үшін де олар сәл шалыс басса,

қаралауға дайын тұрамыз. Әдетте, психолог мамандар мұны «өз өмірінде белгілі бір биікті не жетістікті бағындыра алмаған адамдар өзгелерді сөзбен түсіру арқылы өзінің ішкі «менін» көтеруге тырысады» деп айтады. Ислам дініндегі сахих хадисте «нағыз мұсылман – өзге мұсылманға тілімен де, қолымен де зиян тигізбеген мұсылман» дейді.

Не үшін біз өзгелерге тілімізбен болсын зиян тигізбеуіміз керек? Дін мамандары «пенде болған соң бәрімізде біліп-білмей істеген күнәміз бар. Оның бәрі Алланың шексіз мейіріммен сырт көзден жасырынған. Басқалар шалыс басса да, әркім өз өмірі үшін өзі ғана жауап береді. Ертен сіз басқа біреудің жасаған күнәсі үшін жауап бермейсіз. Мейлі, ол сіздің баланыз не анаңыз болсын. Әркім тек өзі үшін ғана жауапты» дейді.

Ә.БЕЛДЕУБАЕВА.

ӘЛЕМ ДИДАРЫ

Ашқұрсақ Ауғанстан



жұмыссыздық қамытын киген.

Ел қазынасындағы қаражат пен азық-түлік қоры бір айға да жетпей қалуы мүмкін көрінеді. Дәрі-дәрмек те тапшы.

Жағдай осылай жалғаса беретін болса, «жер бетіндегі тозақ» орнайды деп дабыл қағып отыр сарапшылар.

Ауғанстанда 18 млн. адам тойып тамақ ішпейді деп отыр халықаралық сарапшылар. Баспанасынан айырылып, шет елде жан сауғалап жүргендері де артып барады. Арасында әйелдер мен бала көп. Ал елде қалған тұрғындардың басым көпшілігі

Роботтан сөз естисіз



тарлық талаптардың орындалуын қадағалайды. Мәселен, әлгі роботтар бір орында көп болып жиналған адамдарды да табады. Робот ереже бұзғандардың жанына келіп, оларға ескерту жасайды. Ал бекітілген камера арқылы түсірілген видео бірден бақылау орталығында отырған операторға түседі.

Сингапурде қоғамдық тәртіпті роботтар қадағалайды. Олар орталық аудандарда заңсыз сауда жасайтын алыпсатарларды және рұқсат етілмеген жолмен жүрген жүргізушілерді іздеп табады.

Сондай-ақ, сани-

Әнші тотықұс



ашып, онда танымал әндерге осындай каверлар жүктей бастапты. Ал тотықұстың таланты карантин кезінде ашылған. Үйде отырған Фрэнк Титоның қасында гитара ойнап отырады, осы сәтте ақылды құс кенеттен қосыла бастайды. Тито гитара даусын естігеннен-ақ ырғаққа түсіп, адам даусын салатын көрінеді.

Нұр ЖАМАЛ.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕЖЫЛ
30Төрехан
ДАНИЯРОВ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы. Барлық бастамамыз осыған бағытталуда. Біз тұғыры мығым ел болу жолында кедергілерді еңсеріп, қиындықтарды жеңіп келеміз. Мұның бәріне берекелі бірлік пен есепті еңбек арқылы жеттік.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



1 шілдеде Нұр-Сұлтан қаласындағы Бейбітшілік және келісім сарайында, Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезі ашылды. Оған әлемнің әр қиырынан 400-дей делегат қатысты.

Бұл жылы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағдары халықтың әлеуметтік қамсыздандырылуын қамтамасыз етуге, дағдарыс кезеңін еңсеру үшін ұлттық экономиканың қуатын арттыруға бағытталды. Әлеуметтік-экономикалық тұрақтандыру мен дағдарыстан кейінгі дамудың тиімді жолдарын қарастыру мәселелері үкіметтік жиындардың тұрақты тақырыбына айналды. Президенттің дәстүрлі Жолдауы да осы қырынан ерекшеленді. Базалық инфрақұрылымды дамытуға, экономиканы модернизациялауға, қолға алынған инвестициялық жобаларды қаржыландыру мен жүзеге асыруға, жергілікті автокөлік жолдары құрылыстарын жүргізуге, қайта жаң-

ғыртуға, жөндеуге, әлеуметтік инфрақұрылымды жаңартуға, оның ішінде, мектептер мен ауруханаларға ерекше көңіл бөлуге, нақты елдімекендерде жергілікті маңызды нысандарды дамытуға, аймақтық жұмыспен қамту мен кадрларды қайта даярлауға, жұмыс орындарын көптеп ашуға және т.б. айрықша басымдық берілді. Елбасы бұл ретте Үкіметтің 2009–2011 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы бағдарламасының бес бағыты – қаржы секторын, құрылыс саласын, шағын және орта бизнесті, агроөнеркәсіптік кешенді, инновациялық-индустриалдық дамуды қолдауға ерекше маңыз берді. 2010 жылға арналған үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы құны 42 млрд.

доллар болатын 83 ірі жобаны біріктірді. Мұның өзі ел экономикасын инновациялық бағытқа жұмылдыру арқылы жаңа Кедендік Одақтағы Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатын көздеді. Тұрғындарды әлеуметтік қорғау саласында жол құрылыстарын жүргізуді, әлеуметтік нысандарды салуды, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың инфрақұрылымдарын дамытуды көздеген «Жол картасы» бағдарламасы айтарлықтай табысты болды. 400 мыңдай жаңа жұмыс орындары ашылды. Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау нәтижесінде осы саладағы бағдарламаларды несиелеуге 340 млрд. теңге бөлінді. Сол арқылы жұмыссыздық 6,5 пайызға төмендеді.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
50 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
БАСТАМАЛАРЫНАН:

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2009 жылғы бастамалары:

- Дүниежүзілік қаржылық реформа бойынша бастама – Н.Ә.Назарбаевтың «Дағдарыс кінәсі» және «Бесінші жол» атты мақалалары.
- «Евраз», «евразий» немесе «алтын» мемлекетаралық өңірлік валютасын жасау туралы ұсыныс.
- ЕурАзЭҚ саммитінде (Мәскеу қ.) Қазақстанның бастамасы бойынша 10 миллиард доллар көлеміндегі бірлескен Дағдарысқа қарсы қор құру және халықаралық Жоғары технологиялар орталығын құру жобалары қабылданды.
- 29 тамызды Дүниежүзілік ядролық қарудан бас тарту күні деп жариялау бастамасы. – ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Семей ядролық полигонында сынақтардың тоқтатылуына 20 жыл толуына арналған салтанатты іс-шарада сөйлеген сөзі.

ЕЛДІ АЛҒА ЖЕТЕЛЕГЕН
МАҢЫЗДЫ ЕКІ ШЕШІМ

- 2009 жылғы 6 наурыз. Жол құрылысы, әлеуметтік сала нысандарын тұрғызу және тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын дамыту жөніндегі «Жол картасы» бағдарламасы қабылданды.
- 2009 жылғы 27 қазан. Н.Ә.Назарбаев мемлекеттік ұлттық саясат саласындағы стратегиялық құжат – Ұлттық бірлік доктринасын жариялады.

ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

2009

ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ
ОҚИҒАЛАРЫ

1. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Дағдарыстан – жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. «Nur Otan»-ның 10 жылдық мерейтойы
3. 2009–2014 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы бағдарлама
4. Семей ядролық полигонында сынақтардың жойылғанына – 20 жыл!
5. Дүниежүзілік және дәстүрлі діндер басшыларының III съезі.
6. Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекеттерінің Кеден Одағының құрылуы
7. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму аясында Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі даму Стратегиясының қабылдануы.

форумға қатысты. Алқалы жиын аясында Нұрсұлтан Назарбаев бірқатар мемлекеттер басшыларымен, қаржылық ұйымдар жетекшілерімен маңызды келіссөздер жүргізді.



● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:



2009 жылы Мемлекет басшысының қатысуымен өткен «Жаңа индустриаландыру – жаңа мүмкіндіктер» атты жалпыұлттық интерактивті телекөпірде өңірлерде индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын жобалар таныстырылды.

Жалпы сомасы 114 млрд. теңгені құрайтын 16 индустриалдық жоба іске қосылды. Мұның өзі төрт мыңдай жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Жаһандық экономикадағы дағдарысты кезеңге қарамастан Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы жоғары нәтижелермен ерекшеленді. Құны 3 млрд. доллар болатын 170 өндірістік және инфрақұрылымдық нысан пайдалануға берілді, бұл кәсіпорындарда 9 мың жұмыс орны ашылды. Стратегиялық маңызды нысандар: «Түркіменстан–Өзбекстан–Қазақстан–Қытай» газ құбыры (қазақстандық бөлігі 1300 шақырым), «Солтүстік–Оңтүстік» жоғары вольтті электр тарту желісі (1100 шақырым), Астана қаласындағы локомотив құрастыру зауыты, Құмкөлдегі газ өңдеу зауыты, «Астана–Бұрабай» автобаны іске қосылды.

Жалпы, 2009 жыл Қазақ Елі үшін инвестициялық табыс жылы болды деуге болады. Елбасының тікелей араласуымен және оның халықаралық беделінің арқасында Франция, Оңтүстік Корея, Италия, Қытай, Түркия, Беларусь мемлекеттерімен 25 млрд. доллардың бірлескен жобаларын игеру туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді.

24–26 ҚАҢТАР

Елбасы мемлекеттік сапармен Үндістан Республикасына барды. Нұрсұлтан Назарбаев пен Үндістан Президенті Пратибха Деви-сингх Патил екіжақты маңызды мәселелер төңірегінде пікір алмасты. Делиде өткен бизнес-форумда Қазақ басшысы үндістандық кәсіпкерлерді Қазақстанға инвестиция құюға шақырды.

28–29 ҚАҢТАР

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Давос қаласында өткен дәстүрлі дүниежүзілік экономикалық




3 АҚПАН

Жұмыс сапарымен Германия Федеративтік Республикасына барған Нұрсұлтан Назарбаев ГФР-дің Федералды Президенті Хорст Келермен және ел канцлері Ангела Меркелмен кездесті. Осы сапар аясында Қазақстанның Германиядағы жылы ашылды. Елбасы Берлинде өткен екі ел кәсіпкерлерінің бизнес-форумында сөз сөйледі.

4-5 АҚПАН

Мәскеуде Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының (ҰҚШҰ) саммиті және Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың





30 ЖЫЛДЫҢ 30 СӘТІ

мемлекетаралық кеңесінің кезектен тыс басқосуы өтті. Мәскеу сапары аясында Нұрсұлтан Назарбаев пен Ресей Президенті Дмитрий Медведевтің кездесуі болды. Мемлекеттераралық бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды.



25 АҚПАН

Қазақстанда екінші Ұлттық халық санағы басталып, 6 наурыз күні Статистика агенттігі оның жалпылама қорытындысын жариялады. Бұл күні таңғы сағат 8.00-де еліміз бойынша бір уақытта 50 мыңға жуық есепші санаққа кірісті. Санақтың ресми дерегі бойынша Қазақстандағы мемлекет құраушы ұлттың саны тұңғыш рет 63 пайыздан асты. Қорытынды құжатқа сәйкес санақтан 15 миллион 555 000 адам өткен.

6 НАУРЫЗ

Елбасы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында сөз сөйлеп, өзінің «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауын жария етті.



ТАРИХИ ДЕРЕК

«Қадірлі қазақстандықтар! Қазір бүкіл әлем жұртшылығы экономикалық дағдарыстың қиындықтарын бастан өткеруде. Жанандық дағдарыс даулы алпауыт мемлекеттерді де иайқалта бастағанын бәріңіз көріп, біліп отырсыздар. Дағдарыс салқыны бізді де айналып өткен жоқ... Мемлекет дағдарыстың алдын алудың барлық шараларын жасауда. Ұлттық қордан бөлінген ауқымды қаражат қазір отандық экономиканың кідіріссіз жұмыс істеуіне қызмет ете бастады. Әлеуметтік кепілдіктер толығымен сақталып отыр. Олай болса, бұл дағдарыстан да біздің аман-есен өтетініміз айдан анық. Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ал мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады. Алдымызда бізді үлкен белес күтіп тұр. Ол – Қазақстан тәуелсіздігінің жиырма жылдығы... Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың жүздеген жылдармен өлшенетін арман-аңсарының жүзеге асқан ақиқаты. Сол себепті, тәуелсіздіктің әрбір жылының біз үшін мәні бөлек, маңызы айрықша. Халқымыздың басына түскен қандай да бір сынаққа қарамастан біз тәуелсіздігімізді нығайту жолындағы жасампаз істерімізді жалғастыра бермекпіз... Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік. Еліңді, жеріңді қорғау үшін бірлік қаншалықты қажет болса, тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткен табыстарымызды сақтап қалу үшін ол сондай қажет.

(Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан. 2009 жылғы 6 наурыз).

11 НАУРЫЗ

Елордада II Астана экономикалық форумы өз жұмысын бастады. Форум аясында мемлекет басшысы Сауд Арабиясы Корольдігінің экономика және жоспарлау министрі




Елбасы 29 тамызды (Семей ядролық полигоны жабылған күн) Дүниежүзілік ядролық қаруды сынауға қарсы іс-қимыл күні деп жариялау туралы ұсыныс жасады. Оны әлемнің жетекші мемлекеттері қолдап, БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен мақұлданды.

Халед бен Мухаммед аль-Ксебимен, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Еуропалық экономикалық ұйымының атқарушы хатшысы Я.Кубишпен екіжақты кездесулер өткізді.

16-17 НАУРЫЗ

Нұрсұлтан Назарбаев ресми сапармен Біріккен Араб Әмірліктерінде болды. Елбасы БАӘ Президенті шейх Халифа бен Заид әл-Нахаянмен кездесіп, екі ел арасындағы



ынтымақтастықты көздейтін маңызды төрт құжатқа (Қазақстан мен БАӘ арасындағы азаматтық және коммерциялық істер бойынша құқықтық көмек туралы келісім, Қазақстан мен БАӘ арасындағы қылмыскерлерді ұстап беру туралы келісім, Қазақстан мен БАӘ арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісім, Қазақстан Сыртқы істер министрлігі мен БАӘ Сыртқы істер министрлігі арасындағы саяси консультациялар жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум) қол қойылды.

16-18 СӘУІР

Мемлекет басшысы мемлекеттік сапармен Қытай Халық Республикасына барды. ҚХР төрағасы Ху Цзиньтаомен, ҚХР мемлекеттік кеңесінің премьері Вэнь Цзябаомен



кездесулерде екіжақты мемлекеттік қарым-қатынастың маңызды уағдаластықтарына қол жеткізілді. Осы сапары аясында Нұрсұлтан Назарбаев «Дағдарыстан кейінгі басқару» тақырыбымен Хайнань провинциясының Санья қаласында өткен дәстүрлі жыл сайынғы Боао-Азия экономикалық форумына қатысты.

28 СӘУІР

Алматыда Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттер басшыларының саммиті өтті. Оған Нұрсұлтан

Назарбаев төрағалық етті. Арал теңізі бассейніне көмек көрсетудің 3-ші бағдарламасы жасалатын болып келісілді. Мемлекет басшысы Қазақстан тарабы Солтүстік Аралды сумен көбірек қамтамасыз етуге және Сырдария өзенінің өткізу қабілетін күшейтуге бағытталған «Сырдария өзенінің арнасын және Арал теңізінің солтүстік бөлігін реттеу» жобасының бірінші кезеңін аяқтағанын хабарлады. Саммит аясында Қазақстан мен Өзбекстан Президенттері Н.Назарбаев пен И.Каримов екіжақты кездесу өткізіп, мемлекетаралық ынтымақтастықтың маңызды мәселелерін талқылады.


18 МАУСЫМ

Семейде ядролық полигондағы сынақтардың тоқтатылуының 20 жылдығына арналған салтанатты шара өтті. (Суретте: Сынақ полигонының мәңгіге жабылуының соңғы сәті).



2 ТАМЫЗ

Мемлекет басшысы «Жетіген-Қорғас» темір жол желісі құрылысының ашылу салтанатына қатысты.



30 ТАМЫЗ

Қазақстан тарихында алғаш рет Конституция күніне орай Нұр-Сұлтандағы «Қазақ Елі» монументі алаңында әскери шеру өтті.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Шеруде Елбасы, Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйледі.

12 ҚЫРКҮЙЕК

Ақтауда Қазақстан, Ресей, Әзербайжан, Түркіменстан мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуі болып өтті. Экономикалық байланысты нығайтудың, мемлекеттер қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды мәселелері қаралды.

26 ҚАЗАН

Нұр-Сұлтандағы Бейбітшілік пен келісім сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясы өтті. «Ұлттық бірлік – біздің стратегиялық таңдауымыз» тақырыбымен өткен сессияға Нұрсұлтан Назарбаев төрағалық етті.

27 ҚАРАША

Мемлекет басшысы Минскіде өткен Кедендік одаққа қатысушы мемлекеттер – Қазақстан, Ресей, Беларусь елдері Президенттерінің үшжақты кездесуіне қатысты. Кеден одағын құру туралы құжатқа қол қойылды. Осы құжатқа сәйкес, 2010 жылғы шілденің 1-інен бастап үш мемлекеттің – Қазақстан, Беларусь пен Ресейдің Біртұтас Кеден аумағы жұмыс істей бастады.



4 ЖЕЛТОҚСАН

Грекия астанасы Афинада өткен ЕҚЫҰ Сыртқы істер министрлері кеңесінің 17-ші отырысында Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету тізгінін ресми түрде қабылдап алды.

12 ЖЕЛТОҚСАН

Нұр-Сұлтанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың және ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның қатысуымен «Түркіменстан–Өзбекстан–Қазақстан–Қытай» газ құбырының қазақстандық учаскесін пайдалануға беру рәсімі өтті. «Әлемде қандай жағдай болмасын, Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас ізгілікті және достық жағдайында қала береді. Бүгін Қазақстан мен Қытай арасындағы энергетикалық әріптестіктің аса маңызды жобасы жүзеге асып отыр. Қытай сіздердің елмен ынтымағын одан әрі арттыруға мүдделі әрі дайын», – деді ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао.

СТАТИСТИКА:

2009 жылы Елбасының тікелей қатысуымен 500-ден аса хаттамалық іс-шара өткен. Президент республика өңірлеріне 24 рет, шет елдерге 14, көпжақты саммитке 11, халықаралық форумдарға 5 рет ресми сапармен барған. Бір жыл ішінде барлығы 120 Заң қабылданып, 192 Жарлыққа қол қойылды.

ЖЫЛ ТҮЙІНІ:

«...Біз әлемдік қоғамдастық мақұлдаған, кейіннен мойындаған өз жолымызға, қазақстандық жолға түстік. Міне, 18 жылдан бері күн сайын және сағат сайын біз жаңа Қазақстанды – өз мақсаттарымыз бен үміттеріміздің мемлекетін құруда, өз жоспарымызды іске асырып келеміз, – деп атап өтті Н.Назарбаев. – Өткен жылдар ішінде қазақстандық мемлекеттілік нығайды, халықтың бірлігі сақталды. Қарқынды жаңғыру стратегиясы жүзеге асырылды, заманауи нарықтық экономика қалыптасты. Біз интеграцияға шақырған көпвекторлы сыртқы саясаттың негізін қаладық. Бұл сөздің кең көлемдегі мағынасына келсек, бұл біздің басты мемлекеттік басымдығымыз болды. Тәуелсіздік жылдарында қол жеткізілген осындай барлық жетістіктеріміздің нәтижесінде Қазақстан ЕҚЫҰ-на төраға болғалы отыр. Бұл – біздің тағы бір ортақ еңбегіміздің жоғары баалануы...».

(Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің жарияланғанына 18 жыл толуына орай өткен салтанатты жиында сөйлеген сөзінен).

(Жалғасы бар. Деректер мен суреттер ашық интернет көздерінен алынды).

Almaty TV		АЛМАТЫ	
6:00 6:30 7:00 8:00 10:00 10:15 11:45	Әсем әуен Бақытты отбасы Мультфильм Таңғы студия Sau bolashaq Мультфильм Женский киноклуб. Чужие и близкие 1-2 серия		
14:00	Телесериал. Первая половина моей жизни 22 серия		
15:00 15:15 15:30 16:30 17:30	Күндізгі жаңалықтар Дневные новости Әсем әуен Сәуле ғұмыр (повтор) Телехикая. Шыңғыс хан 23 серия		
18:30 19:00 19:30 20:00	Paparazzi Қорытынды жаңалықтар Итоговые новости Басты назарда (тікелей эфир)		
20:40	Тұсаукесер! «ДиНаЗаур-3» Телехикаясының жаңа маусымы, 1-2 серия		
21:55	Телехикая. Әр жерде сен, 1 серия		
23:10	Тұсаукесер! Телехикая. Мұрагерлер, 1 серия		
0:10	Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости (повтор) Басты назарда (қайталау)		
1:10 1:40 2:00 2:25 3:10 3:40 4:40 5:55	Тіл қорғаны Алматы тұнған тарих Сәуле-ғұмыр Дала сазы Әсем әуен Алматы кеші Гимн		
